



Субсидия оңтүстік аудандарға бағытталған

2



Жеңілдікті оңтайлы пайдалану керек

4



РУХАНИ ЖАНҒЫРУ

Қос шынардың саясы

5



Ашық аспан астында Ақмешіт музейі

6



Сыр бойы



№143 (19821)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyikz

24 қыркүйек / СЕЙСЕНБІ / 2019 жыл

ПРЕЗИДЕНТ



Достық байланыс беки береді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Бүкілжағдайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы Ли Чжаньшумен кездесті.

Кездесу барысында Қазақстан Президентінің биылғы 11-12 қыркүйекте Қытайға барған алғашқы мемлекеттік сапарының қорытындылары мен жасалған келісімдері талқыланды. Сонымен қатар, қазақ-қытай жан-жақты стратегиялық ынтымақтастығының қазіргі жағдайы мен даму перспективалары жайлы әңгімелесті.

Ли Чжаньшу Қазақстан Президентіне үлкен құрмет көрсеткені үшін ризашылық білдіріп, ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің шынайы сәлемін жеткізді.

Төраға Си Цзиньпин Сізді мемлекетті басқару ісінде өз көзқарасы бар, өзара қарым-қатынасымыздың стратегиялық маңызын терең түсінетін, тәжірибесі мол саясаткер ретінде жоғары бағалайды. Сондықтан екі елдің көшбасшылары арасында өте маңызды келіссөздер өтті. Сіздің еліңіз бізге жақсы дос, Сіз де байланыстарымыздың дамуына зор үлес қосып отырсыз, – деді Ли Чжаньшу.

Қазақстан Президенті екі ел арасындағы егемендік құқықтарды өзара құрметтеуге, айнымас халықаралық қағидаларға және өзара тиімді ынтымақтастықты дамуға негізделген достық байланыстарды атап өтті.

Шын мәнінде, біздің елдер арасындағы қарым-қатынас жөнінде маңызды, іргелі келісімдер жасалды. Біздің елдеріміздің қарым-қатынасы мәңгілік стратегиялық сипатта. Бұл келісімдерге Сіздің де қосқан үлесіңіз орасан. Елімізде маңызды іс-шараға қатысасыз. Сізге сәттілік тілеймін! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«ҚОРҚЫТ және ҰЛЫ ДАЛА САЗЫ»

Мәңгілік сарынның үзілмес үні



Түркітілдес ел ғалымдары мен айтулы өнер иелерін Сыр елінде тоғыстырған «Қорқыт және Ұлы Дала сазы» халықаралық фольклорлық өнер фестивалінің жабылу салтанаты Қармақшы ауданындағы Қорқыт ата мемориалдық кешенінде өтті.

Шараға облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқаламов, ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы бас хатшысының орынбасары Чакыджы Билял және осы ұйымның Қазақстандағы өкілі Асқар Тұрғанбаев, Қармақшы ауданының әкімі Мұса Қалдарбеков қатысып, фестиваль қатнастары мен қатысушыларын құттықтады. Сонымен қатар, шетелдік және қазақстандық дәстүрлі жыр шеберлеріне сый-құрмет көрсетті.

Салтанатты жиында түркі халықтарына ортақ дәстүрлі музыка өнері салтанат құрды. Осылайша түбі бір түркі жұртын өнер арқылы біріктірген фестиваль соны жыр жампозы Бидас Рүстембеков бастаған

жыршы-термешілердің гала-концертіне ұласты. Атап айтсақ, концертте Аманжол Бүрлібаев, Арай Онгарқызы, Айкерім Ешпаева, Ұлжан Байбосынова, эзербайжандық Рамин Караев, қырғызстандық Ширин Абдрахманова, Саха елінен келген Юлиана Кривошапкина, өзбекстандық Эльдор Юлдошев пен Роза Ражапова, түрік әншісі Демирташ Йылмаз, Татарстаннан келген «Нұр» бишілер тобы мен Қорқыт ата мұраларын әлемдік деңгейде насихаттап жүрген «Қобыз рухы» тобы өнер көрсетті.

Түркітілдес елдерді біріктіретін бірден-бір тұлға Қорқыт ата екені белгілі. Ал, өмірі аңызға арқау болған дала данагөйінің

жай тапқан жері қазақ елінде. Мұның бір дәлелі – Қорқыт ата мұрасы, аңыздары мен күйлерінің қазақ арасында кеңінен таралуы. Фестиваль аясында түркітілдес елдер жастары арасында «Түркі әлемін тоғыстырған – Сыр елі» тақырыбында өткен форумға қатысушылар да Қорқыт ата кешенін аралады. Форумға қатысушыларға елімізде, оның ішінде облыста жастар саясатын қолдау мақсатында атқарылып жатқан игі істер баяндалды. Сондай-ақ, шара барысында жастар арасында қол күресі, арқан тарту, асық ату, гир тасын көтеру және қарбыз жеу бойынша сайыстар өткізіліп, жүлделерлер арнайы марапатқа ие болды.

Шарада фестивальға қатысушылар мен қонақтар сыр-бойылық қолөнер шеберлері мен зергерлері, ұсталар жасаған көздің жауын алатын бұйымдармен де танысты. Облыс әкімдігі мен

халықаралық «ТҮРКСОЙ» ұйымы бірлесе бесінші мәрте ұйымдастырған ауқымды мәдени шара түркі халықтарына ортақ баба мұрасын насихаттап, әдебиет пен мәдениеттің дамуына үлес қосқаны айқын. Айталық, фестивальда еліміздің және Түркия, Иран, Грузия, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстаннан келген ғалымдар Қорқыт атаның түркі әлеміндегі орны, тарихи тұлғаның бейнесі туралы кеңінен пікір алмасты, түркіге ортақ әдебиет пен мәдениеттің даму жайын талқыға салды. Ең бастысы, осы жолы Ираннан келген қандасымыз, коллекционер Ұәлімұхамед Қожа жиыңға арнайы шақырылып, оның Тегераннан «Қорқыт ата» кітабының жана нұсқасын тапқаны белгілі болды. Бұл жазба тұтас түркі әлемі үшін құнды қазына екені анық. Сондай-ақ, өнер фестивалінде «Рухани жанғыру» орталығының бастамасымен қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде «Қорқыт атаның даналық сөздері» кітабы оқырманға жол тартты.

Өткен жылы Қорқыт ата мұрасы БҰҰ жанындағы ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраларының тізіміне енгені белгілі. Облыс әкімі фестиваль аясындағы халықаралық ғылыми-теориялық конференцияға бұл маңызды жетістік әрі үлкен жауапкершілік екенін, барша түркі әлемінің рухани тәлімігерінің шығармаларын сақтап қана қоймай, оны болашақ ұрпаққа жеткізіп, баба мұрасын насихаттау аса маңызды екенін айтты. Қорқыт атаның рухани қазынасын зерттеу, насихаттау ісі жалғасып, алдағы уақытта да түркітілдес елдердің өнер фестивалі дәстүрлі түрде өтетін болады.

Айдана ЖҰМАДИНОВА, Нұрбай ЖАНӘДЛӨВ, Қармақшы ауданы.



АҚЖОЛТАЙ!

Қос ұланымыз әлемдік бокс додасынан оралды



Кеше таңертең «Нұр-Сұлтан-Қызылорда» ұшағымен Екатеринбургта бокстан өткен әлем чемпионатына қатысқан қос жерлесіміз «Қорқыт ата» әуежайына келіп қонды.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.

Естеріңізге сала кетейік, әлемдік бокс додасында ел қоржынына түскен алты медальдың 1 күміс, 1 қоласын қызылордалық боксшылар – Қамшыбек Қоңқабаев пен Тұрсынбай Құлаханбетов салған еді.

Әуежайда қазақтың намысын қорғаған былғары қолғапты батырларды әкімдік өкілдері, белгілі спортшылар, спорт саласының басшылары, спорт мектебінің шәкірттері, қос жөнімпаздың туыс-бауырлары қарсы алды.

Қуанышты сәтте әлем чемпионатының күміс жүлделері К.Қоңқабаев «Олимп шыңында күмісімді алтыңа ауыстырамын. Бізге қолдау көрсеткен барша ағайынға алғыс білдіремін» деп ағынан жарылды. Ал, сырбайлықтар екі боксшының да алдағы жеңістеріне нық сенімді екенін ерекше ықыластарымен білдірді.

Қола жүлделер Т.Құлаханбетов чемпионат жарысынан соң «Өр нәрсенің қайыры бар. Бұйырғаны осы болды. Енді алдағы сындарға күш саламыз» деген еді. Екі спортшының да айтып отырғаны келесі жылы Токиода өтетін олимпиада ойындары екенін аңғарған шығарсыз. Олардың екеуі де Қазақстан құрамасы сапында олимп ойындарына

қатысу құжын иеленген болатын.

Биылғы көктемде Азияның алтын алқасын таққан Т.Құлаханбетов биыл әлемдік додаға алғаш рет қатысты. Қ.Қоңқабаев екі жыл бұрынғы әлем чемпионатында бір мәрте бак сынап, күміс жүлделер атанған. Бұл – екінші күмісі.

Осы чемпионатта Қазақстан құрамасы командалық есеп бойынша Өзбекстан мен Ресейді алға оздырып, үшінші орынға тұрақтады.

Ал, Екатеринбург чемпионатының басты сенсациясы – кубалық Хулио Сесар Ла Крусты он жылдан аса иеленген тағынан тайдырған қазақтың қарадомалақ баласы Бекзат Нұрдәулетовтің жеңісі!

Кубалық жұлдыртасу шебері Рио олимпиадасының финалында біздің боксшымыз Әділбек Ниязымбетовпен кездесіп, жеңісті жолынан таймай алтыннан алқа таққанын білеміз. Әділбектің жерлесі Бекзат сол кеткен есені қайтарып, Екатеринбургта қазақ гимнін шырақтаты.

Жерлестеріміздің жеңісі жалғаса берсін. «Баласы тәкымын қысады» дейді. Біз енді қос батырымызды күншығыс елінде өтетін олимп додасының алтын тұғырынан күтеміз.

Сыр өнімі Нұр-Сұлтан қаласына жетті

Қыркүйектің 21-22 күндері Нұр-Сұлтан қаласында Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтті.

Сырбайлық шаруалардың бау-бақшасынан үзілген өнім жәрмеңке сәнін келтірді. Жыл сайын күз жәрмеңкесін күтіп жүретін елордалықтар аз емес. Әсіресе, Сырдың дәмі бал татитын қауының, күріші мен балығы үшін Қызылорда жәрмеңкесіне асығатындар көп.

Бұл жолы жәрмеңкеге Қызылорда облысы 355 тонна өнімді 24 автокөлікпен жеткізді. Жәрмеңкеде 40-тан астам

өнім түрлері сатылды. Атап айтқанда, 100 тонна күріш, 174 тонна бақша дақылдары, 5 тонна сүт өнімдері, 16 тонна балық, 45 тонна көкөніс, 3,5 тонна жеміс-жидек, 10 тонна ас тұзы, 1,5 тонна Қазалы кәмпіті елордалықтарға жетті.

Сырдың ыстық ықыласы мен жәрмеңкедегі қолайлы баға тұтынушыларды қуантты.

«СБ» ақпарат.



ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

Халық пен биліктің арасын жақындататын құжат

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдаудың өркендетуші екендігін білімді қоғам, оның ішінде мұғалімнің мәртебесі мен еңбекқандығы туралы келелі міндеттерді көтерді. Осы орайда мұғалімдердің білім сапасына талапты күшейту қажеттілігі туындайды.

Бүгінде мұғалімдердің арасында оқуды сырттай бітіргендердің кезектесіні рас. Ал мұғалімнің жүктемесін азайту мәселесін сөз еткенде 1993 жылы Жоғарғы Кеңесте білім беру туралы бірінші заң қабылданып, біздің ұсынысымызбен мұғалімдердің апталық жүктемесі 18 сағаттан 14 сағатқа, ал мектепке дейінгі балабақшалар қызметкерлерінің жүктемесі 24 сағаттан 20 сағатқа дейін қысқартылған болатын. Осы тәжірибені пайдалана отырып, үнемделген уақытты шығармашылық әрі әдістемелік дайындыққа бағыттаудың әлеуеті зор. Ал жаңа технологияларды игеру білім сапасын арттыруға молынан мүмкіндік береді.

Басты құжатта жеріміздің шетелдіктерге сатылмайтындығы және осы тұрғыдағы артық әңгімелерге тосқауыл қою қажеттілігі де жайдан-жай айтылған жоқ. Осы тұста мәселені шешу тетіктері қалай жүзеге асады деген сауалға жауап іздей келе, жерді сақтауға 5 жыл мораторий жарияланғанын да, оның заңмен нақты шегеленгендігін айтар едім. Артық-ауыс әңгімелердің туындап отырғаны да осының салдары. Сондықтан да Жер кодексінде «жер шетелдіктерге сатылмайды, жалға берілмейді және жергілікті тұрғындарға да сатылмайды, тек жалға беріледі» деген мазмұндағы өзгерістер енгізіліп, заңмен шешілініп абзал. Ал жерді тиімді пайдалану мәселесіне тоқталатын болсақ, Алматы шеңберінде 50-100 шақырым жерлердің иесі кім екендігіне тиімді-тиімсіз пайдаланып жатқандығына арнайы сараптама жүргізілсе, лагун-финдистерді сол тұста анықтаған болар едік. Ал қазақтың қолы жер десек, артық айтқандық болмайды. Осы тұста 2016 жылы Үкіметке «Тың жерді игеру арқылы қазақ елін жаңа белеске көтеру (Қазақ өрісі)» мазмұнында жолданған



жоба-хатымызға әлі күнге тұшымды жауап болмағанын айта кеткім келіп отыр. Ал оның барысында жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтудың тиімді тұстары келтірілген болатын.

Ал Жолдауда айтылған мемлекеттік қызметкерлерді 25 пайызға қысқарту орынды мәселе. Кезінде мемлекеттік қызметкерлерді 30 пайызға қысқарту туралы ұсыныс айтқандардың бірі ретінде дамыған елдер тәжірибесінде басқару деңгейлері аз болған жағдайда басқарудың тиімді болатындығына назар аударған едім. Мысалы, шетелдерде 6-7 деңгейге дейін тиімді саналады. Ал біз көп деңгейлі басқарумен әуестеніп кеттік те, көрсеткіш 12-13 деңгейге жетті. Оның сыртында басқа облыстар да бар. Тиімді басқару жүйесінде біріншіден, мемлекеттік шығынды 15-20 пайызға, көп деңгейлі биліктің аппаратын кем дегенде 20-30 пайызға қысқартқан жөн. Ысырапсыз, шығындарды барлық деңгейде азайтып, үнемделген миллиард қаражатты руханият пен әлеуметтік салаға бөлген дұрыс. Екіншіден, білікті, кәсіби мамандар даярлау бағдарламасын жасап, әсіресе инженер-технологтарды оқыту саясатын қолға алу қажет. Үшіншіден, Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шабылмайынша миллиардтаған қаржы

құрдымға сінгендей қалталарға құйыла беретіні сөзсіз. Төртіншіден, қаржы-салық жүйесін жаңаша реттеу керек: байларға салық көрсеткішін еселеп көбейтіп, ал кіші кәсіпке жеңілдік жасау керек. Бесіншіден, Қазақстанда демократиялық үдерістер іске асып, мемлекеттің саяси мақсаттары өте нақты әрі сенімді болуы қажет. Мәселені түбегейлі шешу үшін дамыған елдердің тәжірибесімен қазақтың менталитетін үйлестіре отырып мемлекетімізге саяси, әлеуметтік, экономикалық, рухани, ғылыми-техникалық, яғни түбегейлі модернизация жасау қажеттілігі тұр.

Ал бейбіт шеруге шығу мәселесіне, жалпы демократияға Президент тағы да бір қалам жасады. Бұл жерде адам құқығы, сөз бостандығы, ой пікірлерін ашық айту туралы айтылды. Ең маңыздысы – қоғамдық пікірлерді талқылау арқылы билікке жеткізу. Ашығын айту керек, әкімдер мен министрлердің халықпен арасы алыстап баралы. Президенттің айтуынша, егер халықтың 30 проценті биліктің басқару жүйесіне теріс бағасын берсе, ондай әкімшілік жүйемен жұмыс істеуге болмайды. Жалпы әкімдер мен министрлердің саяси-енбек тиімділігін бағалау өлшемдері керек. Оның ішінде әкімдердің қоғаммен, қоғамдық ұйымдармен тиімді жұмыс істеуі, ғылым мен инновацияға аса мән беруі, денешынықтырумен қоса жергілікті халық денсаулығын жақсартуы, шағын кәсіпкерлікті, сыбайлас жемқорлықтың деңгейі, т.б. болуы керек.

2020 жылдан бастап шағын кәсіпкерлікті 3 жылға дейін тексеруді тоқтату ұсынысы өте құпталық мәселе. Ол үшін «Кіші инновациялық бизнес» туралы заң қабылдануы тиіс. Бұл жерде айта кететін жағдай, кіші инновациялық бизнесті дамытсақ, жаңалықтың бәрі осы салада жатыр. Осыған орай заң жобасын Парламент депутаттарына ұсынған едік.

Дағдарыс жағдайында экономиканың терен трансформацияға душар болатынын анық десек, ал оның өсу өзегі шағын кәсіпкерлікті үдемелі дамыту екені анық. Қазір бізде оның жалпыұлттық өнімдегі үлесі 20-25 процент. Ал

дамыған шетелдерде 50-70 процентке дейін. Оларда жұмыс орындары 70-80 пайыз шағын кәсіпкерлікпен қамтамасыз етілген. Салааралық құрылым бойынша бізде кіші кәсіптің дені саудада 42 пайызға дейін. Өкінішке қарай, шағын кәсіпкерліктің үлесі өндірісте, машина жасауда 3-4, әлеуметтік салада 2-3 пайыз ғана. Пайдаланбаған мүмкіндігіміздің өте мол екендігін осыдан-ақ білуге болады. «Шағын кәсіпкерлік – біздің экономикамыздың арбасын өрге сүйрейтін өгіз». Ал онымен айналысқандарды 1-2 жыл салықтан босатып, табысына қарай біртіндеп салықты көбейтумен қатар несие саясатын да 3-5 пайызға төмендету қажет.

Жолдауда айтылған мемлекеттік компаниялардың тиімді жұмыс істеу мәселесінде реформаны «Самұрық-Қазынадан» бастап диверсификация жасаған жөн. Өйтпесе бұл компания мемлекет ішіндегі мемлекетке айналып кетті. Алдағы уақытта Қазақстанның брендті мал өнімдері мен бидай болуы тиіс. Осы салаларға инвестиция құйып, аса мән берген жөн.

Құқық қорғау саласындағы мәселелерде, әсіресе сот жүйесінің сапасын күшейту керек. Жалпы реформада, алдағы уақытта жергілікті жердегі соттарды халық сайлауы тиіс әрі саяси-демократиялық кезең басталуы керек. Жұмысын жаңа бастап жатқан Президент жанындағы Ұлттық кеңес осы мәселелерге басты мән бергені абзал. Математикада берілген есептің біреуі болғанымен, оны шешудің әдіс-тәсілдері арқылы. Ал есептің түбіріне қандай жолмен жетесің, сол тиімдісі болмақ. Билік жүйесіне мемлекеттік деңгейде есеп қойылып, нәтижесі халықтың әлауқатын, өмір сүру деңгейін көтеруге бағытталды. Ал Президент Жолдауы халық пен биліктің арасын жақындатуға бастаған қадамға айналғаны анық.

Оразылы СӘБДЕН, Қазақстан Республикасы ҰИА академиясының экономика ғылымдарының докторы. «Egemen Qazaqstan» газеті.

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Газетіміздің өткен санында жүзім мен алмаға берілетін субсидия туралы ақпарат бағам қауымын елен еткізді. Кімге, қанша мөлшерде беріледі деген көп көкейіндегі сауалға жауап беру үшін облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Қамбарбек Мұбаракөвпен сұхбаттасқан едік.

Субсидия оңтүстік аудандарға бағытталған

– Бау-бақша егіп, кәсіп көзіне айналдырғандарды субсидия беріледі деген жаңалық қуаңтты. Көптен күткен қолдау шешімін тапқан сияқты?

– Республикамыздың негізгі өндірістерінің бірі – агроөнеркәсіптік кешен саласындағы тамақ өнімдері. Бұл саланың қарқынды дамуы үшін мемлекет тарапынан жылма-жыл айтарлықтай қаржылық қолдаулар көрсетіліп келеді. Біздің облысқа быыл 18 млрд 692,7 млн теңге қаржы бөлінді.

Ауыл шаруашылығы саласына жаңа, озық технологияларды енгізу, заманауи сұранысқа ие ауыл шаруашылығы техникаларын, жабдықтарын алуға қолжетімді қаржылық қолдаудың жаңа механизмі жұмыс жасауда. Бұл – «Инвестициялық салымдар кезінде АӨК субъектісі шығыстарының бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау» бағдарламасы.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – капиталды көп қажет етуді төмендету және салынған инвестициялардың өзін-өзі ақтауын арттыру. Осы жолмен тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді қолжетімді ету.

Осы бағдарлама шеңберінде ауыл шаруашылығы құрылымдары 2014-2018 жылдары 454 дана ауыл шаруашылығы техникасын жаңартуға қол жеткізді. Мал-шайлардың жайылымдықтағы инфрақұрылымдарын қамтамасыз ету үшін 651 жоба жүзеге асырылды. Бүгінгі күн талабына сай жабдықталған 3 мың басқа арналған бордақылау аласы, 1 құрама жем зауыты, 1 жарма өндіру кәсіпорны, 1 ет өңдеу кәсіпорны, 7 сүт қабылдау пункті, 6 мал сою пункті, 3 рефрижератор, 4 тамшылатып суару жобасы субсидияланды.

Сондай-ақ, инвестициялық субсидиялау бағдарламасы аясында 2016-2018 жылдар аралығында Сырдария, Жалағаш және Шиелі аудандарында жалпы көлемі 46 га жерге қарқынды алма бақтары егіліп субсидияланды.

Ауыл шаруашылығы министрлігі «Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шығыстарының бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгеріс енгізіліп, ауыл шаруашылығы өнімінің нақты түрлерін өндіру үшін алқаптарды онтайлы пайдалану бойынша өңірлерді мамандандырудың ұсынылатын схемасына сәйкес жүзеге асыратын еді. Біздің облысқа қарқынды алма бағы, жеміс-жидек дақылдары мен жүзім отырғызғаны үшін субсидия берілмейтін болған.

– Шаруа үшін мемлекеттік қолдаудың кәсіпті дамытуға ықпалы зор екені сөзсіз. Қалай болғанда да субсидияның берілетіндігі жақсы жаңалық болды.

– Облыс әкімдігі тарапынан Ауыл шаруашылығы министрлігіне хат жолданып, схеманы алып тастау, яғни, қарқынды алма бағы, жеміс-



жидек дақылдары мен жүзім отырғызғаны үшін облыстың барлық аудандарының ауыл шаруашылығы құрылымдарына субсидия беру жөнінде ұсыныс берілді.

Өз кезегінде ұсынысты зерделей келе, Жаңақорған және Шиелі аудандарында қарқынды алма, жүзім бақтарын еккен шаруашылық субъектілеріне инвестициялық шығынның 25%-і субсидияланатын болды.

– Мемлекеттік қолдауда тағы қандай өзгеріс бар?

– Мамандандыру схемасына енгізілген өзгерістердің бірі – «50 аналық бастан басталатын тауарлық сүт фермасын құру және кенейту жобасы бойынша» Жаңақорған, Шиелі, Сырдария аудандары мен Қызылорда қаласы субсидия алады.

Жоғарыда атап өткенімдей, өңірлерді мамандандыру схемасына байланысты бұйрықтың күшін жою туралы ұсыныс берілген, яғни бірде-бір ауданға шектеу қоймай, тиісті дақылдарды өсіріп, баптап, жабдық бағдарлама талабына сәйкес ұсынылған жағдайда субсидиялауға жатқызылуы тиіс деп пайымдаймыз. Бұл ретте, біз бағдарлама әкімшісі – Ауыл шаруашылығы министрлігіне ұсыныс жолдаймыз.

Инвестициялық субсидиялау бағдарламасы шеңберінде қаржылық қолдаудың өңірмізге тиімді бір саласындағы өзгерісті атап отырмыз. Жалпы аталған бағдарламада 39 жоба қамтылған. Оның ішінде сұранысқа ие ауыл шаруашылығы техникаларын, ет бағытындағы мал өсіруге арналған техника мен жабдықтарды сатып алу, өңдеу салалары қамтылған.

Сайып келгенде, мемлекеттік қолдау өндірісті дамытуға, сол арқылы халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталды.

Осы ретте, агроөнеркәсіптік кешен саласына қатысты ауыл шаруашылығы құрылымдары тарапынан жоспарланған жобалары болса, тиісті ақпарат пен кеңес алу үшін облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мамандарымен 8 (7242) 60-54-50) байланыс телефоны хабарласуға болады.

– Тұшымды ақпараттыңыз үшін рахмет.

Әңгімелескен Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА. «Сыр бойы».



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына арнаған алғашқы Жолдауы еліміздің даму саясаты дәйекті түрде жүргізіліп келе жатқанын дәлелдейді.

Даму жолының бағдары

Жолдауда айқындалған басымдықтар алдағы уақытта Отанымыздың әлемнің дамыған мемлекеттері қатарынан нықтап орын алуы мақсатындағы қарқынды қадамын қамтамасыз ететін құнды құжат екені рас. Мемлекет басшысы тәуелсіз Қазақстанда еңбек етіп жатқан халықтың әлеуметтік әлсіз топтарын қолдау саясатын жүзеге асыруда біршама бастамаларды жүзеге асырды. Сонымен бірге, ұстаздар қауымын нақты қолдау – бұл саналы және білімді ұрпаққа деген қамқорлықтың үлгілі көрсеткіші.

Жолдау білім саласы қызметкерлерінің халық алдындағы беделін көтеру және оларды материалдық тұрғыда қолдау, еңбекқандығын ұлғайту ғана емес, ұстаз деген ұлы есімнің абыройын көтеруге, ең алдымен мұғалім биліктілігін жетілдіруге ынталандыруға, тіпті өзін-өзі жетілдіруге және оқытушының үздік әдістерін меңгеруге бастайды.

Сонымен бірге, Президент халықты медициналық қызметте қолжетімділік пен оның сапасына баса назар аударуы керектігін айта келе, денсаулық сақшыларына ана мен бала денсаулығын бірінші кезекке қоюын тапсырды. Міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселесін де баса айтты.

Елбасы бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Ауыл – ел бесігі» жобасы да өз жалғасын табатыны және осы жоба аясында жастарға қолдау көрсетіле беретіні ел жастарына жаңа серпін берді деп ойлаймын.

Сондай-ақ, Жолдауда белгіленген әлеуметтік сала бойынша мақсат-міндеттер – Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың туған халқына деген шынайы қамқорлығы деп білген дұрыс. Жолдауда айқындалған мақсаттардың бірі – бизнес өкілдерін қолдау мақсатында шағын және орта кәсіп иелерін 3 жылға дейін табыс салығынан босату, сонымен қатар алдағы жылдан бастап 3 жылға дейін шағын кәсіпкерлікті тексеруге тыйым салу сияқты мәселелер кәсіпкерлер тарапынан үлкен қолдау тапты. Кәсіпкерлерді салықтан босату елімізде осы саланың



өркендеуіне зор септігін тигізеді.

Президент Жолдауда адамзат баласы өміріне қажетті таза су, ұлттық, отбасылық құндылық пен білім, халықты әлеуметтік жағынан қолдау сияқты түйткілі мәселелер туралы да айтты. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы өзінің сайлауалды бағдарламасында халық алдында берген уәдесін міндетті түрде орындайтынын жеткізгені қазақстандықтардың болашаққа деген сенім арттырды деп ойлаймын.

Ел экономикасы мен барша қазақстандықтардың әлеуетін арттыруға арналған Жолдаудың маңызы терең, тұжырымдамасы анық. Алдағы уақытта Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қазақстандықтарға арнаған Жолдауы ел әлеуетінің өсіп-өркендеуіне арналған нәтижелі жұмыстармен айшықтала беретініне сенемін.

Кензбек ҮЙРЕКОВ, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және ғарыш өнеркәсібі министрінің Аэроғарыш комитетінің «Инфрокос» РМҚ бас директоры міндетін атқарушы, облыстық мәслихат депутаты. Байқоңыр қаласы.

Әдепті болу – әрбір мемлекеттік қызметшінің міндеті

Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы және әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы – әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті. Демек, адамдар арасында олар туралы дұрыс пікір, он көзқарас, сенімділік қалыптасуы қажет. Мұндай сенім мен құрметке жету оңай емес. Бұл үшін бір ғана кәсіби білім мен білгірлік жеткіліксіз, одан басқа қызметшінің жеке мінез-құлқы мәселесі және бар, яғни, қызметшінің кәсібилік деңгейі мен жоғары моральдық адамгершілік қасиеттері қатар тұру керек. Сондықтан, бүгінгі күні мемлекеттік қызметшінің әдеби мен мінез-құлқы мәселелеріне үлкен мән берілуіде. Кәсібилік пен әдептілік қосылып, мемлекеттік қызметшінің тұтас имиджін қорғайды. Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығына және әділдігіне қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуға мүмкіндік береді.

Тұтас бір қоғамда тіршілік етіп отырған соң ондағы қарапайым адамдар белгілі бір әдепке сай қарым-қатынас жасайтыны белгілі. Ал, күнделікті қызметінде тұрғындардың түрлі уәждеріне құлақ асып, олардың мәселелерімен айналысатын мемлекеттік қызметшілерге тиісті әдеп нормаларын сақтау басты міндет.

Мемлекеттік қызметшілердің басты ережесі саналатын Әдеп кодексі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептік нормаларын және мінез-құлқы қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген. Демек қызметкер барынша сыпайы, өзінің лауазымдық артықшылығын жеке басының пайдасы үшін қолданбайтын адал, кез келген сәтте сабырлы, ұқыпты болғаны жөн. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілер жеке өмірінде де адал болуы, өз ісімен өзгеге үлгі болуды естен шығармағаны абзал. Олардың күнделікті міндеті қарапайым адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы жүзеге асырылатынын ескерсек, мемлекеттік қызметшіге кәсіби біліктіліктен қатар адамгершілік қасиеттер де ауадай қажет. Қалай десек те, мемлекеттік қызметшінің күнделікті өмір салты тиісті заң талаптарына толық сай болғаны дұрыс.

Әдеп кодексінің талаптарын сақтау мәселелері бойынша департаментте консультациялық көмек көрсетіп отырамыз. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды



мүдделерін қорғау, қалпына келтіру біздің жауапкершілікке жатады. Үкіл жұмысының маңызды бағытының бірі – жылғына екі рет ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды анонимді сауалнама арқылы зерделеу. Қызметтік этика нормаларын орындау барысына мониторинг жасап, түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отырады. Аудандық, қалалық қазынашылық басқармаларының қызметкерлеріне де қолайлы моральдық-психологиялық климат қалыптастыруға ықпал жасаймыз. Бұл жұмыстар жалғаса береді.

Мемлекеттік қызметші үнемі өзіне мынадай сұрақтарды қояуы керек: Мен өз әріптестеріме және азаматтарға әділетті әрі адал қарым-қатынас жасаймын ба? Мен әдептік құқық бұзушылықтарға төзбешілік және парасаттылық қағидаларын қаншалықты сақтаймын? Мен қоғамның биік сенімін ақтау үшін қандай болуым керек? Мемлекеттік қызметші азаматтардың мүдделерін бәрінен жоғары қоюы керек және жүктелген міндеттемелерді адал орындауды өз міндеті деп санауы тиіс. Осылайша, әдеп жөніндегі үкіл сыбайлас жемқорлықты ұлттық құндылыққа жат құбылыс ретінде сезіну, қабылдамау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастырудағы өз үлесін қосады. Жалпы айтқанда, Елбасы Жарлығымен бекітілген, мемлекеттік қызмет саласының дамуына оң әсер беретін Әдеп жөніндегі үкіл қызметінің салмағы ауыр, жауапкершілігі жоғары.

Ә.ЕСҚАРАЕВ, облыс бойынша қазынашылық департаменті басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі үкіл.



Еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде жүзеге асырылып жатқан кезеңді жаңғырту үдерістері халықтық өмір сүру сапасының артуына, әлеуметтік жағдайының жақсаруына және рухани дамуына ерекше серпін беріп отыр. Бұл ретте елдегі басты саяси күш – «Nur Otan» партиясы Елбасының көшбасшылығымен осынау игі өзгерістердің бастауында тұрып, оның іске асырылуына атсалысуда. Осы орайда, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ақмарал Әліназаровамен сұхбаттасып, іргелі ұйымның ілкімді істері жайлы әңгіме өрбіткен едік.

– Ақмарал Шәріпбайқызы, өзіңіз білетіндей, тамыз айында Елбасы «Nur Otan» партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен Саяси ұйымның кеңейтілген кеңесі өтті. Сонда Елбасы партия жұмысын жаңғыртудың жаңа жеті бағытын айқындап берген еді. Осы бағыттарға кепірек тоқталсаңыз...

– Шынында бұл партияның алдағы жұмыс бағытын айқындаған келеді кеңес болды. Саяси кеңесте Қазақстанның Тұңғыш Президенті «Сенім. Диалог. Болашаққа нық қадам – «Nur Otan» партиясының 7 серпіні» атты партия жұмысын жүйелі жаңғырту бағдарламасын ұсынды. Онда партияның барлық деңгейдегі әлеуетін арттыру, ядролық электротың қалыптастыру, белсенді партия мүшелерін топтастыру, бастауыш ұйымдардың ролін көтеру, жемқорлықпен күресті күшейту, партиядан лайықты емес мүшелерді шығару үшін шаралар қабылдау туралы айтылған. Соның ішінде қоғамның ашықтығы, қиындықтарды, түйткілді мәселелерді бүкпесіз ашық айту және шешу мәселелері қамтылды. Әрине, бұл партияның ең негізгі жұмыстары деп есептеймін. Себебі, еліміздегі басты саяси күш – «Nur Otan»-ның өкілдері ретінде біздің алдымызда Нұрсұлтан Әбішұлы атап өткендей, халыққа жақын болып, оның мұң-мұқтажын білу мен оған қолдау білдіру, қоғамда туындайтын мәселелерді шешуге көмектесіп, халықпен кәрі байланыс орнату құралдарының тиімділігін арттыру міндеттері тұр. Демек, бұл мақсаттарға жету үшін аймақтағы нұротандықтар ел өміріне белсенді араласып, халыққа жақын болуы тиіс. Сонда ғана азаматтар үшін ашық әрі қолжетімді болып, халықтың мүддесін тиімді қорғайтын болады.

– Партия жұмысын жаңғыртудың жаңа жеті бағытын атады. Осы бағыттарға тоқталып өтесіңіз...

– Біздің алдымызда қоғамның сенімін арттыру мақсатында ақпараттық-идеологиялық жұмыстарды күшейтіп, барлық қоғам мүшелерін партия жаңына топтастыру міндеті тұр.

Қазір жағдайдың жақсаруына орай, қоғамның сұранысы да өзгерді. Сондықтан осы сұраныстарға сай болып, халықтың сенімін ақтау үшін жұмыс істеуіміз қажет. Бұл жердегі негізгі тәсіліміз – кез келген мәселені ашық, әділ талқылау. Осы мақсатта партия заман талабына сай өзгеріп, нақты реформаларды қолға алып жатыр.

Партия филиалы да өз тарапынан үкіметтік емес ұйымдармен және түрлі әлеуметтік топтармен байланысты күшейтуді бастады. Атап айтсақ, бүгінгі күнге ардагерлер, мүмкіндігі шектеулі жандар, үкіметтік емес ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері, кәсіпкерлік ұйымдары және әлеуметтік желі белсенділерімен кездесіп, қоғамдағы өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары талқыланды. Ұсыныстардың барлығы мемлекеттік органдарға жолданып, орындалуы бақылауға алынды. Бұл жұмыстар жоспарлы түрде жалғасып жатыр. Сонымен қатар облыстық басқармалар, қалалық, аудандық бөлімдердің есептерін партия алаңдарында тыңдау жұмыстары да жоғла қойылуда. Жақында облыстық филиалдың төрағасы, облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың төрағалығымен ең маңызды салалар – білім, денсаулық бағытындағы жұмыстардың жүзеге асырылу барысы, оған кейін индустриалды дамуының мүмкіндіктері төңірегінде тиісті басқарма басшыларының есептері тыңдалды. Осы жерде мемлекеттік орган басшылары да өздерінің партия мүшесі ретіндегі жауапкершілігін сезінуі тиіс деп есептеймін.

Бұл жұмыстармен қатар партиямыздың негізі – бастауыш ұйымдардың ашық форматтағы жұмыстарға көшуі, тұрғындармен «кәрі байланыс» жұмысын нығайту, партияның ядролық электротың қалыптастыру, бастауыш ұйымдардың жұмысын жетілдіру, оларды оңтайландыру бойынша да біраз жұмыстар жүргізілді.

Мәселен, бастауыш ұйымдарды оңтайландыру бойынша



шағын ұйымдар ірі бастауыш ұйымдарға біріктірілді. Бұрын облыстық партия филиалына қарасты 272 бастауыш ұйым болса, қазір олардың 20-сы қысқартылып, 252 бастауыш ұйым қалды. Оның ішінде 65 бастауыш партия ұйымының жетекшісі қайта сайланды. Қазір бастауыш ұйым төрағаларының 116-сы аумақтық филиалдардың саяси Кеңесі мүшелігіне, 44-і саяси кеңес Бюросы құрамына енгізілді. Сондай-ақ, 25-і жергілікті мәслихат депутаттары. Енді оларды партиялық қазір резерві мен жергілікті қоғамдық кеңестер құрамына кіргізу жоспарланған отыр. Біздің өңірде алғаш болып, жастардың басын біріктіретін және олармен

өзінің «Facebook» парақшасында соңғы 2,5 айдың ішінде партиялық тәртіпті бұзған 79 мыңнан астам мүше партия қатарынан шығарылғанын жазды.

– Қазір құрамды жақсарту жұмыстары қолға алынды. Елбасы тапсырғандай, біз негізінен мүшелердің санына емес, сапасына басты назар аударып отырмыз.

Партия Төрағасы өзінің «Сенім. Диалог. Болашаққа нық қадам – «Nur Otan» партиясының 7 серпіні» атты бағдарламасында жемқорлықпен күресті

күшейту мен лайықты еместерді партиядан шығару үшін шаралар қабылдау керектігін ерекше айтты. Бұл бағытта облыстағы 51 350 партия мүшесінің сапалық құрамына да талдау жасалып, жыл басынан бері жарнапұл төлемегендер, байланысын үзген 4 083 адам партия құрамынан шығарылды. Бүгінгі күні партия мүшелерінің саны 47 806 азаматты құрайды. Бұл жерде Елбасы тапсырғандай, санға емес, сапаға басты назар аударып отырмыз.

Ал партиялық тәртіпті бұзушыларға қатысты айтар болсақ, «Nur Otan» партиясының Жарғысында, этика кодексіне партия мүшесі сыбайлас жемқорлық секілді құқық бұзушылыққа жол бер-

Ендігі кезекте бастауыш ұйымдар мен белсенділер қоғамда белен алып отырған тұрмыстық жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы шараларды күшейту қажет. Барлық аудан, қала, облыста құрылған партиялық бақылау топтары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссиялары жұмысты күшейтуді қолға алды. Аймақта 76 мүшесі бар 11 партиялық бақылау тобы мен 78 мүшесі бар 11 сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия кызмет атқарады. Бұл – үлкен күш. Мемлекет қаржысының тиімді жұмсалудың қадағалауда

қазанның 10-на дейін, облыстағы 800-ге жуық нысанды бақылау жоспарланып отыр. Нақты кезеңде 195 объектіге мониторинг жұмыстары жасалып, басшыларына тапсырмалар берілді.

– Заманауи технологияның жетістіктері халықты ақпараттық қолжетімділікке дағдыландырып келеді. Жалпы жұртшылыққа ашық, кез келген азаматтың мұң-мұқтажын тыңдауға дайын партияға үміт артатындар, хабарласатындар көп пе?

– Өздеріңізге белгілі, партияның қоғамдық қабылдауы – ха-

йырымдылық көмек алу үшін қажетті құжаттардың тізбесі белгіленді. Арнайы «Қазпошта» АҚ арқылы есепшот ашылды. Осы орайда барлық азаматтарды, кәсіпкерлерді, сала басшыларын мұқтаж азаматтарға қол ұшын беруге шақырамын.

Бүгінгі таңда қоғамдық қабылдау бөлмелерінің қызметтері қатаң бақылауға алынып, оң шешілетін өтініштердің үлесін арттыру, күрмеуі қиын мәселелердің шешілуіне осылай да мүмкіндік жасау, болмаса түсіндіру бағытындағы жұмыстарды күшейтуге мән беріліп жатыр.

– Ақмарал Шәріпбайқызы, партия Төрағасы осы Саяси кеңес отырысында партияның ардагерлері соның ішінде зиялы қауымы да жаңғыру жұмыстарына белсенді аралассын деген еді. Осы тұрғыда не айтасыз?

– Президент – біздің партия мүшесі және «Nur Otan» партиясы атынан ұсынылып сайланды. Сондықтан Мемлекет басшысының Жолдауын халыққа жеткізу біздің негізгі жұмыстарымыздың бірі деп санаймын.

Жалпы партия филиалы тарапынан Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауын түсіндіру бойынша арнайы аймақтық жұмыс жоспар дайындалып, жыл сонына дейін медиа жоспар бекітіліп, жұмыстар жүріп жатыр.

Бірінші кезекте Жолдауды түсіндіру және насихаттау бойынша арнайы облыстық филиалдың төрағасы, облыс әкімінің төрағалығымен облыс активі, облыстық мәслихаттағы «Nur Otan» партиясы депутаттық фракциясының отырыстары өткізілді. 14 ірі бастауыш партия ұйымында талқылау ұйымдастырылды. Онан бөлек, Жолдау жүктеген міндеттердің орындалуына қадағалау мақсатында облыстық филиал төрағасы, облыс әкімінің қатысуымен партиялық тыңдаулар өтті. Әлеуметтік топтарға мақсатты түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін «Бақытты отбасы» партиялық жобасы аясында әріптесіміз ЖЕҰ жетекшілерімен, әлеуметтік желі белсенділерімен, «Келергісіз келешек» жобасы аясында мүмкіндігі шектеулі азаматтармен кездесулер өткізілді. Алдағы аптада Жолдауды түсіндіру және насихаттауға арналған сайлауалды бағдарламаның бағыттары бойынша партиялық комиссия мен аймақтық кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі кеңес және «Мирас» аймақтық кеңесінің отырысы жоспарланып отыр.

БАҚ және әлеуметтік желілерде өзімізнен бастап, барлық аумақтық партия филиалы төрағаларының бірінші орынбасарлары, фракция мүшелері, бастауыш ұйым төрағаларының сұхбаттары мен мақалалары, пікірлері жарияланып жатыр. Қазіргі таңда азаматтар көп шоғырланатын орындарда, соның ішінде жолаушылар тасымалымен айналысатын автобустарда, базарларда арнайы насихаттық парақшалар дайындалып жатыр. Алдағы аптада «Jas Otan» Жастар қанаты еріктілері тиісті орындарға ілінеді. Бір сөзбен айтқанда, Жолдауды түсіндіру және насихаттау бойынша тиісті жұмыстар партияның орталық аппаратының нұсқаулықтары бойынша алдының уақытта да жалғаса беретін болады.

– Жаңғыру аясындағы алда атқарылар жұмыстар...

– Жалпы алғанда, қызметті жаңарту, барлық партиялық орган мен тетіктердің тиімділігін, партия мүшелерінің жауапкершілігін арттыруды білдіреді. Сол үшін де партия Төрағасы жұмысты заман ағымына сәйкес жүргізуді талап етіп отыр. Ол – халықтың тығыз байланыста жұмыс жасаумен қатар, әлеуметтік желі арқылы да жүргізілетін жұмыстарды күшейту. Ендігі міндет партия жұмысын халықтың проблемаларын білуге және шешуге жұмылдыру керек. Сенімнің жоғары деңгейі партия қызметін бағалаудың өзекті тұсы және ол өздігінен пайда болмайды. Қажырлы жұмыс жасамайынша, адамдардың күнделікті проблемаларына тиісті назар аудармайынша күрмет, бедел мен сенім иелену мүмкін емес. Өйткені, «Nur Otan» партиясы – елдің тағдырына жауап беретін халықтық партия.

Әңгімелескен Шынар БЕКБАН, «Сыр бойы».

«Nur Otan» – жарқын істердің бастамашысы

халық қалаулылары да белсенділік танытулары тиіс. Мұны саяси кеңес отырысында партия Төрағасы ерекше атап өтті. Қазір барлық деңгейдегі мәслихат фракциялары мен комиссиялардың жұмысы барынша күшейтілді.

– Партия Төрағасы партияның жаңғыртуда ядролық электротар қалыптастыру керектігін атап өтті. Сонда ядролық электротар деген кім?

– Бастауыш ұйым – партия негізі» деген сөзді партия Төрағасы үнемі айтып жүреді. Дегенмен, мұны біздің бастауыш ұйымдарымыз әлі де түсіндірмей келе жатқан секілді. Себебі, ядролық электротар, әрине, осы бастауыш ұйымдар мен партияның белсенді мүшелері. Сондықтан, бастауыш партия ұйымдары төрағалары мен белсенділері тек жарнапұл жинақтаумен шектелмей, жергілікті жердегі барлық ахуалмен танысып, халықпен кәрі байланыс орната білетін саяси лидер болуы керек. Партия Төрағасы жүктеген ядролық электротар қалыптастырудағы жауапкершілікті әрбір бастауыш ұйым төрағалары бірінші кезекте сезінуі тиіс.

– Партияның көптеген әлеуметтік жобалары сәтті жүзеге асырылып жатқанына хабардармыз. Әрі қарай жалғасын табуы тиіс жобалар бар ма?

– Жасыратыны жоқ, партияның түрлі бағыттағы 20-дан астам жобалары болды. Олар өз мақсат-міндеттеріне қарай жұмыс жасалды. Дегенмен, қазіргі қоғамның қажеттілігіне қарай, бірқатар жобалар ғана өз өміршеңдігін көрсетіп отыр. Мұны, Елбасы да, Мемлекет басшысы

лықпен байланыстың тиімді арнасы. Қазір әрбір қазақстандық ғаламтор арқылы «Nur Otan» партиясының ресми сайтына кіріп, партияның тыныс-тіршілігімен таныса алады және өз мәселесі бойынша өтініш жолдап, кеңес алу мүмкіндігіне ие. Мұнан бөлек, партияның әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы да қажетті ақпараттарды алып отыр. Сонымен қатар биыл 28 ақпаннан бастап өңірмізде «Халыққа көмек» бірінші әлеуметтік терезе акциясы партияның аймақтық, аумақтық филиалдарындағы қоғамдық қабылдау бөлмелері жанында кызмет жасауда. Осы мақсатта мемлекеттік орган, басқа да мемлекеттік құрылым өкілдерінен құралған мобильді жұмысшы топ бекітіліп, аз қамтылған азаматтарға, көпбалалы, жалғызбасты аналарға, мүгедектерге тиісті көмектер, мәселелерінің шешілуіне бағытталған кеңес, зангерлік көмек берілді. Мәселен, облыстық филиал жанынан құрылған мобильді топта түрлі мемлекеттік сала мен құрылымдардың 11 өкілінен құралған мамандар жұмыс жасап, көп мәселені шешілуіне, бағыт-бағдар беруге үлесін қосып келеді. Өткен 8 ай қорытындысы бойынша аймақтық, аумақтық партия филиалдарының қоғамдық қабылдау бөлмелеріне 4421 азаматтың өтініші тіркеліп, 3008 тұрғынға заң тұрғысынан тиісті кеңес берілді. 1275 азаматтың өтініштері оң шешім тапты. Қазір пәтер, жер кезегін білу, бос жұмыс орындарын анықтау бойынша түскен өтініштерді тез арада шешу үшін партияның қоғамдық қабылдау бөлмелерінде «EGOV» электронды пор-

талы, «ENBEK.KZ» базалары орнатылды. Шалғайдағы тұрғындардың облыс орталығына келіп әреуге түспеу үшін «Скуре» жүйесін пайдалануды жолға қойып отырмыз. Республикалық деңгейде шешілетін мәселелер бойынша бейнебайланыс жүйесі де қолданылып келеді. Мәселен, жыл басынан 6 қабылдау бейнебайланыс арқылы, 12 қабылдау «Скуре» жүйесі арқылы ұйымдастырылып, 13 азаматтық мәселелері тыңдалды. Сонымен қатар өңірдегі мұқтаж жандарға көмек көрсету және қайырымдылық іс-шаралар ұйымдастыру мақсатында көп жылдардан бері жұмыс жасап келе жатқан «Сыр мейірімі» қайырымдылық қорының жұмысын тиімді үйлестіру мен жетілдіруді қолға алып отырмыз. Бүгінде партияның бастамасымен осы бағытта түрлі қоғамдық құрылымдардың өкілдерінен құралған көмекшілік кеңесінің құрамы бекітіліп, қа-



жан-жақты жұмыс жүргізетін қала, аудан көлемінде «Жастар» БПҰ ашылды. Бұл болашақта жастарға қолдау көрсететін орталыққа айналып, олардың саяси лидерлерге айналуына септігін тигізеді.

Осы жерде атап өту керек, ең көп бастауыш партия ұйымдары қалалық филиалда шоғырланған. Бұған дейін мұнда 43 бастауыш партия ұйымы жұмыс жасап келсе, қазір 36-ға қысқартылды. Оның ішінде 32 бастауыш ұйымға жетекші етіп белсенді азаматтарды қайта сайладық. Қазіргі таңда қалалық филиалға қарасты 36 бастауыш ұйым мен «Жастар» бастауыш ұйымы имидждік заттармен (стенд, табло, чашка, ту, жалауша, күнделік) қамтамасыз етілді. Ендігі кезекте халықтың сеніміне кіріп, жұмысын жетілдіру қажет.

– Ақмарал Шәріпбайқызы, «Nur Otan» партиясы партиялық бақылау комитетінің төрағасы Павел Казанцев

да өзінің Жолдауларында атап өтті. Әрине, ол – «Ардагерлерді ардақтайық», «Кедергісіз-келешек», «Бақытты отбасы» жобалары. Бұл жобалар аты айтып тұрғандай, көзделген мақсатын орындап жатыр. Мәселен, «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы қазыналы қарттарымызды қолдайды. «Бақытты отбасы» – көпбалалы аналар, әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың жана-шыры. Ал «Кедергісіз келешек» мүмкіндігі шектеулі азаматтарымыз үшін кедергісіз орта қалыптастыруға бағытталып отыр. Қазір осы жоба аясында партия жанынан құрамы үкіметтік емес ұйымдар, мүгедектер қоғамдық бірлестіктері, тиісті мемлекеттік орган өкілдерінен жасалған арнайы топ облыс көлеміндегі барлық әлеуметтік нысандарға бақылау жасап, олардың жарым-жан жандар үшін қолжетімділігін арттыруға жұмыс істеп жатыр. Қыркүйектің 10-нан бастап,

ресми парақшасынан да, жеке ақкаунт арқылы да көріп, біліп отырмыз. Қоғам болған соң түрлі сындар да, проблемалық мәселелер де болады.

Бұл тұрғыда партия Төрағасы әрбір мүшесі қоғамдағы өзекті мәселелерді әлеуметтік желілерде жан-жақты талқылаудан қашпай, халықтың пікіріне дәйекті жауап беріп, сын айтпайса, оны конструктивті тұрғыда қабылдап, нәтижеге жұмыс жасауды тапсырды. Осыған байланысты біз партия саясатын халық арасында кеңінен насихаттайтын спикерлер және әлеуметтік желі мен блог платформаларда жұмыс жасайтын блогерлер пулын жасап, олардың біліктілігін арттыру бағытындағы жұмыстарды басталдық. Олардың құрамында бастауыш ұйым төрағалары мен белсенділері, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары, партия жақтастары да бар. Әрине, осы жерде отырған сіздің де,

азаматтың да, саяси-қоғамдық ұйымдардың жекелеген мәселеге келгенде түрлі көзқарасы болуы мүмкін. Бірақ елдің бірлігі мен қоғамдағы тұрақтылыққа келгенде сөз де, іс те, ұстаным да ортақ болуы тиіс. Қазір атқарушы билік тарапынан да мұндай белсенділікке дұрыс көзқарас қалыптасты. Біздер барлық санаттағы азаматтармен ашық, белсенді жұмыс істеп, оларға дұрыс бағыт беріп, қолымыздан келгенше көмек көрсетсек, әлеуметтік желідегі ахуал да жаңаша формада жүреді деп есептеймін.

– Ақмарал Шәріпбайқы-

САБАҚТАСТЫҚ, ӘДІЛДІК, ӨРЛЕУ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев сайлауалды кезеңде өзінің «Баршаға ортақ игілік! Сабақтастық, Әділдік, Өрлеу» атты бағдарламасын Қазақстан халқына жария етіп, ең негізгі үш бағытты айқындаған болатын. Бағдарламада саясат, елдегі жүргізілетін реформалар, сондай-ақ экономика және әлеуметтік салаға қатысты мәселелер толық қамтылған.

Айқындалған міндеттерді орындау маңызды

Қасым-Жомарт Тоқаев осы бағдарламада белгіленген міндеттерді жүзеге асыру іс-қимыл жоспарын бекітті. Іс-қимыл жоспарындағы мемлекеттік қызметті жетілдіру, сот жүйесін жаңғырту, полиция қызметіне қоғамдық бақылауды күшейту, мемлекеттік секторға қоғамдық бақылау мен есеп беруді күшейту маңызды. Монополистер тарапынан бәсекеге кедергілерді жою және асыра пайдалануды болдырмау, азаматтарға кепілді әлеуметтік қолдау көрсетуде бірінші стандарттар белгілеу, олардың қаржылық мүдделерін қорғау және басқа да бірқатар іс-шараларды жүзеге асыруға бағытталған.

Сонымен қатар, Президент Жолдауында бағаны қалыптастырудың және тарифтің мәселелерін жүйелі әрі зәттай түрде айналысу керектігін айтты. Осыған орай, Табиғи монополистерді реттеу комитетінің облыстағы департаменті айқындалған міндеттерді орындау бойынша іс-шаралар белгіледі. Атап айтқанда, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы тұтынушылардың қаражаттарын мақсатқа сай пайдалануына бақылау күшейтіледі. Қабылданатын шешімдердің ашықтығы мен жариялылығы қамтамасыз етіледі, табиғи монополия субъектілері мен қоғамдық маңызы бар субъектілердің қызметтеріне тарифтердің негізсіз өсуіне жол бермеуі бойынша барлық қажетті шаралар қабылданады. Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасында айқындалған міндеттердің дер кезінде орындалуына бір кісідей жұмыла жұмыс жасаймыз.

Гүлмира ӨТЕГЕНОВА, ҚР Табиғи монополистерді реттеу комитетінің облыс бойынша департаменті басшысының міндетін атқарушы.

Салғырттық сапаны төмендетеді

Мемлекеттік басқаруды қалыптастыру процесінің басты бағытының бірі – қызмет көрсету жүйесін дамыту. Бұл ретте «Сапаны арттыру үшін қандай шара қолға алынууда? Жауапкершілік жүгі зор қызметте салғырттық бар ма?» деген сауал туындауы орынды. ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаменті жанындағы мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі ведомстваралық жұмыс тобы да жуырда осы мәселені талқылады. Отырысқа департамент басшысы Нұрман Талқанбаев төрағалық етті.

Мәлімдір ҚАЛЫМБЕТ.

Жиында облыстық цифрлық технологиялар басқармасының мемлекеттік қызметтер мониторингі бөлімінің басшысы Жанбота Жұмабаева атқарылған жұмыстың ауқымы кең екендігін атап өтіп, алға межеленген жоспарды баян етті. Бөлім басшысының айтуынша, бүгінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміндегі 740 қызметтің 192-сін жергілікті атқарушы органдар ұсынады. Оның ішінде «Damu-Med», «Е-лицензиялау», «Е-собес» секілді 22 ақпараттық жүйе бар.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік қызметтерді ашық және тиімді ұсынуды жүктеді. Бұған дейін Елбасының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында жыл соңына дейін көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 80, ал 2020 жылы кемінде 90 проценті электронды форматқа көшу туралы айтылды. Бұл орайда облыста жыл соңына дейін 56 қызмет түрі ав-

томаттандырылмай. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім саласындағы 4 қызметті автоматтандыру жоспарлануда, алайда оның ішінде 2 қызметтің стандарты бүгінге дейін бекітілмей отыр. Бұдан бөлек, қазір жер қатынастары саласында ЖАО-мен 14 қызмет түрі көрсетіледі, оның 3-еуі «Е-лицензиялау» ДҚ АЖ-де автоматтандырылған. Қалған 11 қызметті орталықтандырылған түрде автоматтандыру қажет. «Өңірлік геоақпараттар жүйесін» құруға да облыстан 177 млн теңге бөлінді. Аталған жүйеге бас жоспар, түбегейлі жоспарлау жобалары, инженерлік жүйе мен бос жер учаскелері жайлы ақпарат енеді, – деді Ж.Жұмабаева.

Мұнан соң жұмыс тобы келесі шешімді ұсынды. Облыстық білім басқармасы І қазанға дейін «Е-МДБҮ» базасын «Е-Ақимат» базасымен интеграциялау жұмысын толық жүргізуі керек. Сонымен қатар қала, аудан әкімдіктеріне элек-



тронды қызметтердің үлесін арттыру ұсынылды. Отырыста бұдан бөлек атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау қызметіне қатысты бірқатар мәселе көтерілді. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев атқарылған жұмыстарға тоқталып, 25695 отбасыға көмек тағайындалғанын жеткізді. Жүйеде орын алған олқылықтар да бар екен. АӘК тағайындау кезінде отбасының материалдық жағдайын зерттейтін және ұсынылған мәліметтің дұрыстығын тексеретін учаскелік комиссия түпкілікті зерттеу орталықтарына қағаз жүзінде

ұсынылған ақпараттарды ғана негізге алған. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне отбасының материалдық жағдайын тексеру жұмыстарын әлеуметтік тапсырыс шеңберінде ҰЕҰ арқылы жүргізу ұсынылды. – Қазір ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Еңбек ресурстарын дамыту» орталығы арқылы алынған мәлімет бойынша облыстағы 3637 отбасына АӘК тағайындалуының дұрыстығы қайта тексерілуде. Бұған дейін 1-2 тоқсанда табысын жаңа сырттан 1101 отбасына 898,3 млн теңге көмек тоқтатылды.

Оның 155,6 млн теңгесі бюджетке қайтарылуы тиіс, – деді Т.Дүйсебаев. Басқарма басшысы өткен жылы жылдық табысы 1 млн теңгеден асатын, бірақ АӘК алған 160 отбасының және салық есептілігін нөлдiк табыспен тапсырған 216 кәсіпкердің де тізімі облыстық крістер департаментіне жолданғанын, қайта тексеру жұмыстары жүргізілетінін алға тартты. Жұмыс қорытындысында басқармаға «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау» қызметінің регламентін бекітіп, мұндай заңбұзушылықтардың алынбай алу мақсатында қала, аудан көлеміндегі орталықтарда түсіндірме жұмысын күшейту тапсырылды.

ӘЛЕУМЕТ ПЕН ӘЛЕУЕТ

Жеңілдікті оңтайлы пайдалану керек

Ел игілігі үшін жүзеге асып жатқан бағдарламалардың халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, экономиканы көтеруге септігі зор. «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы арқылы жұмыссыздықты азайту мақсатында халықтың шағын кәсіппен айналысуына мүмкіндік жасалған. Бағдарлама аясында жұмыссыз азаматтардың кәсіппен айналысуы үшін жеңілдетілген несиелер алуына да мүмкіндік бар. Бұл мақсатта несиелендіру жұмыстары «Байқоңыр (Байқоңур)» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ арқылы жүзеге асып келеді. Облыста бұл мақсатта 2011-2016 жылдарға республикалық бюджеттен 5 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінген. Мақсаты айқын қаржыны облыс тұрғындары қалай жұмсады, қайтарымы қандай деген сауалдарды аталған акционерлік қоғамның мемлекеттік бағдарламалармен жұмыс жасау бөлімінің бас менеджері Серік Жанабаевқа қойған едік.

– Жакында «Байқоңыр (Байқоңур)» ӘКК» АҚ облыс тұрғындарына таратылған несиелер қаражаттарын өсімпұлсыз қайтаруға мүмкіндік берілетінін хабарлап, акция жариялады. Ең алдымен несиелендіру мақсатына тоқталсаңыз?

– «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында аймақтық өкілетті мекеме ретінде «Байқоңыр (Байқоңур)» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамына 2011-2016 жылдары аралығында республикалық бюджеттен 5 млрд 187,6 млн теңге бөлінді. Ондағы мақсат – халықтың жұмыссыз бөлігін жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамыту. Бұл жұмыссыз азаматтар үшін үлкен мүмкіндік. Жұмыс жоқ кәсіп бастауға қаржы жоқ дейтіндер үшін бағдарлама аясында жеңілдетілген процентпен несиелендіріледі. Ал әрі қарай еңбек ету әрбір адамның өзіне байланысты. Мемлекет еңбек ететін дегенге барынша жағдай жасау. Соның бір дәлелі – осы бағдарламаның жүзеге асуы.

Аталған қаражат 145 несиелендіру ұйымына (оның ішінде 129 несиелендіруші және 16 шағын несиелендіруші) және 16 шағын несиелендіруші (жұмыссыз негізде таратылды. – Бүгінгі күнге «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында қанша адам несиелендірілді? – Облыс тұрғындарын несиелендіру қорытындысымен 2145 адам несиелендірілді, шағын несиелендірушілер қатары артады. Нәтижесінде 2676 адам жұмыспен қамтылды. Бұл елдегі жұмыссыздықты азайтуға бірден-бір сеп. Сонымен қатар ел экономикасын дамыту үшін шағын кәсіпте десек, аймақ тұрғындарының мүмкіндікті пайдалануы, кәсіппен айналысуға ынталануы қуантады.



– «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында несиелендіру облыс тұрғындарына қандай жеңілдіктер қарастырылған?

– Біріншіден, несиелендірушілердің басым көпшілігі – қалалық немесе аудандық жұмыспен қамту орталықтарында жұмыссыз ретінде тіркеуде тұрғандар. «Байқоңыр (Байқоңур)» ӘКК» АҚ арнайы комиссия құрамымен бірлесіп отырып несиелендірушілердің конкурстық құжаттарын қарап, жеңімпазды анықтайды. Несиелендірушілердің бизнес жоспарларын тапсырады. Комиссия шешімімен конкурстық жеңімпаздары анықталып, құжатта көрсетілген несиелендірушілерге табыстады. Несиелендірушілерге 3 000 000 теңгеге дейін, 4,27 процентпен 60 айға беріледі.

– Несиелендірушілердің әрі қарай мақсатты жұмсалыуына бақылау бола ма?

– Бағдарлама аясында несиелендірілген несиелендірушілердің қаражатты мақсатты жұмсалыуына бақылау негізінде акционерлік қоғам тарапынан мониторинг жүргізіледі. Жүргізілген мони-

торинг кейбір несиелендірушілердің берілген қаражатты мақсатсыз жұмсап, мемлекет қаражатын талан-таражға салған фактілерді анықтады.

Сонымен қатар, несиелендірушілер бастаған кәсіптерін әрі қарай жүргізе алмаған жағдайлар да бар. Бұл несиелендірушілерге асықпен, мақсатты жұмсауға келгенде әлде де жауапкершілік төмен екенін байқатады. Қағаз жүзінде мақсатын айқын көрсетіп, қаражат қолға тиген соң той-томалаққа, тағы басқа негізсіз жұмсағандардың ісі жауапсыз қалмайды. Себебі, мемлекеттің әрбір тиының сұрауы бар.

«Байқоңыр (Байқоңур)» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің шешімімен «Қарызды өсімпұлсыз төле» атты акция жүзеге асырылды. Акция бойынша несиелендірушілер «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында алынған несиелендірушілерден 01.09.2019 бен 31.12.2019 жыл аралығында төлеген жағдайда, төлеген сомасына сәйкес өсімпұлдар алынып азайтылатын болады.

Сондай-ақ, акционерлік қоғам «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында қалыптастырылған қарыз сомаларын төлеуге арналған «Қазпочта» АҚ-ның облыс бойынша барлық бөлімшелерінен арнайы ашылған есепшоттарын ұсынады.

Бұл акция өз кезегінде тұрғындардың несиелендірушілерінің өсімпұлсыз төлеуіне тікелей бағытталатынын айта кеткен жөн. Осы акцияны оңтайлы пайдаланудың маңызын ескерте отырып, қарызды өсімпұлсыз қайтару айтарлықтай жеңілдік екенін хабарлаймыз.

– Президенттің халықтың белгілі бір санатының несиелендірушілеріне халыққа әсер етпейтін, яғни қарызды өсімпұлсыз қайтару деп үміттеніп төлемей отырғандар да бар шығар... – Халыққа осы мәселені газет арқылы ашық айтайын. Несиелендірушілер бұл жеңілдікті қатысы жоқ. Бағдарламамен алған несиелендірушілер бар және ол қаражат республикалық бюджетке кері қайтуы тиіс. Сондықтан, бұдан бөлек жеңілдік күтпей акцияны пайдаланып қарызды қайтарған жөн.

Әңгімелескен Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА, «Сыр бойы».

шыға жолданған. Сондай-ақ, облыстық крістер департаментіне 100-ден астам несиелендірушілер қатысты арыз жолданып, тергеп-тексеру нәтижесінде 2 несиелендірушілер сотты болды.

Бірқатар несиелендірушілер басшыларына қатысты тергеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, қарызды өндіру барысында сот орындаушылар кейбір соңғы несиелендірушілердің атындағы мүліктеріне тыйым салып, олар қазір өз мүліктерін қажетті мақсатта пайдалана алмауда.

Сондай-ақ, азаматтардың есепшоттарына банктік бұғаттау қойылып, айлық зейнетақы және әлеуметтік жәрдемақыларынан 50 процентке дейін ұсталуда.

«Байқоңыр (Байқоңур)» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің шешімімен «Қарызды өсімпұлсыз төле» атты акция жүзеге асырылды. Акция бойынша несиелендірушілер «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында алынған несиелендірушілерден 01.09.2019 бен 31.12.2019 жыл аралығында төлеген жағдайда, төлеген сомасына сәйкес өсімпұлдар алынып азайтылатын болады.

Сондай-ақ, акционерлік қоғам «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында қалыптастырылған қарыз сомаларын төлеуге арналған «Қазпочта» АҚ-ның облыс бойынша барлық бөлімшелерінен арнайы ашылған есепшоттарын ұсынады.

Бұл акция өз кезегінде тұрғындардың несиелендірушілерінің өсімпұлсыз төлеуіне тікелей бағытталатынын айта кеткен жөн. Осы акцияны оңтайлы пайдаланудың маңызын ескерте отырып, қарызды өсімпұлсыз қайтару айтарлықтай жеңілдік екенін хабарлаймыз.

– Президенттің халықтың белгілі бір санатының несиелендірушілеріне халыққа әсер етпейтін, яғни қарызды өсімпұлсыз қайтару деп үміттеніп төлемей отырғандар да бар шығар... – Халыққа осы мәселені газет арқылы ашық айтайын. Несиелендірушілер бұл жеңілдікті қатысы жоқ. Бағдарламамен алған несиелендірушілер бар және ол қаражат республикалық бюджетке кері қайтуы тиіс. Сондықтан, бұдан бөлек жеңілдік күтпей акцияны пайдаланып қарызды қайтарған жөн.

Әңгімелескен Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА, «Сыр бойы».

ЕҢБЕК АДАМЫ



Үздіктер көшін бастаған

Механизаторлыққа саналы жұмыс арысқан Еңбек ерлері Кәмшат Дөнелбаева, Жадра Тасамбетова, Қасымтай Ізтілеуов пен Бибігүл Әбішева еңбегімен ел ықыласына бөленді. Бүгінде сол аға буын өкілдерінің мерейін тасытқан осы мамандық жастар арасында қаншалықты құрметті? Ел әлеуетінің өсіп-өркендеуіне, оның ішінде ауыл шаруашылығының дамуына орасан үлес қосқан мамандық иелерінің ізбасарлары ауылда екенін білеміз. Олардың бірі – Қармақшы ауданы, ІІІ Интернационал ауылының тұрғыны Зақария Арифов.

Ауылдағы мектепті тәмамдап сала атанасының қолдауымен әкесі, есімі елге танымал ауыл шаруашылығының майталманы Миллар Арифов басқаратын «Достық Жер МК» шаруашылығының №1 егіс бригадасына механизатор болып, еңбекке араласты. Зақарияның тракторшы мамандығын меңгергеніне биыл 21 жыл болыпты.

Жас маман алғашқы жылдары «МТЗ-80» трактор руліне отырып, бригадалағы аға буын әріптестерінен механизаторлық мамандықты қыр-сырын меңгерсе, кейін жатқа және комбайн тізгіндеді. Егін жинау науқанында жақсы

көрсеткіштерге қол жеткізді. Өз қатарластары арасында ұйымдастырылған жарыстарда үздіктер сапынан көріне бастаған жас тракторшы кейіннен озаттар ортасынан орын алды. Иә, «Еңбек түбі – береке» дегендей, бүгінде Зақария – өзі еңбек ететін №1 егіс бригадасының ғана емес, шаруашылықтың үздік механизаторларының бірі. Ол – өз саласы бойынша үздіктер арасында бастап, түрлі марапаттарға, замандастары арасында мәртебелі атақ иеленіп жүрген майталман маман.

– Менің жоғары білім алуға мүмкіндігім болды. Алайда, тракторшылыққа бала жасымнан жақын болып өскендіктен, мектепті бітіре сала әкемнің рұқсатымен шаруашылықта жұмыссыз болдым. Кейіннен тракторшы мамандығын меңгеріп, механизаторлыққа ауыстым. Міне, содан бері қыста – трактор, көктем-күзде жатқакөмбайн рульдерін тізгіндеп келемін. Кімде-кім өзінің мамандығын дұрыс тандай білсе, оның жолы еркін ашық әрі жеңіл болады. Көптеген жетістіктерге қол жеткіздім. Өткен жылы 1100 гектар егістік алқаптың күрішін орып, аудан чемпионы атандым. Кезінде аға әріптестерінен алған тәжірибемді, өзімнен кейінгі үзінгілес інілеріме үйретудімен, – дейді З.Арифов.

Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ, Қармақшы ауданы.

Шабақтар неге қырылды?

Осыған дейін хабарлағанымыздай, 4 қыркүйек күні Арал ауданы, Қамыстыбас көлінің солтүстік батыс беткейінде орналасқан «Токпан» қашқын суында балық шабақтарының қырылуы деректі орын алған-ды. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының басшысы Ғалымжан Орақбаев мүдделі мемлекеттік органдардан құрылған жұмысшы топтың қорытындысын хабарлады.

Шынар БЕКБАН.

– Соңғы күндері ауа райы күрт құбылмалы болуына байланысты аптап ыстықтан бірден салқындап, күнті жел тұрып, судың төменгі қабаты мен үстіңгі қабаты алмасып, «стермоклин» жағдайы туындаған. Су құрамындағы оттегі мөлшерінің өзгеруінен болған деп бір тұжырымға келді, – деді ол.

5 қыркүйек күні өзара іс-қимыл кестесіне сәйкес, мүдделі мемлекеттік органдардың

қатысуымен балық өлімінің себебін анықтау мақсатында зертханалық сынама алу үшін жедел ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.

Айта кету керек, «Токпан» суы маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесіне енгізілмеген. Қазіргі таңда балық шабақтарының қырылуына жол бермеу үшін «Токпан» көліне жақын орналасқан учаскелерде шабақтарды құтқару жұмыстары ұйымдастырылуда. Сараптама қорытындысына сәйкес, «Токпан» су айдынында қалған балықтарды аулау адам өмірі мен қоршаған экологияға зиян емес.



Өмірде жақсы адамдар көп. Әрине, пенде болғасын күнделікті тірлікте іс-әрекеттеріне, мінездеріне қарап «анау жаман, мынау жақсы еді» деп бөліп жататынымыз бар. Бірақ, өмірдің тәтті, құнды болуы жақсылардың көптігінен емес пе? «Жақсы адам – жұрттың ырысы», «Асыл туған адамның алтын жетісе нарқы бар» деп жататынымыз да осыдан болса керек. Сондай игі жақсының бірі – Нұрғазы Қолды.

Қос шынардың саясы

Әкеміз Нұрғазы 1922 жылы Қармақшы ауданында дүниеге келген. Әкесі 1931 жылы халық жауы атанып, мал-мүлкі тәркіленіп, Ташкент қаласында ату жазасына кесілген. Ол кісі қайтыс болған соң Нұрғазы шешесімен нағашыларының қолында өскен. 1931 жылы Арал қаласындағы жеті сыныптық орта мектепке барады. Ал, 1938 жылы Қызылорда қаласындағы педагогикалық училищенің түсіні, 1940 жылы бітірген және сол жылдың аяғында әскер қатарына алынып, борышын өтеуге кетеді. Әскерде жүріп, сұрапыл соғыс басталған 1941 жылы қыркүйек айында майданда аттанды.



Сарғайған парак беттерінде әкемізді майдандағы өмірі жайында мол мәліметтер қалған. Бір естелікте «1941 жылдың желтоқсан айының басында Фин шығанағының жағалауында Мятс-сюль және Тюрисель ауылдарының қасында болған бір түнгі шайқас нәтижесінде біздің атқарушы полкі шабуылдан 264 неміс солдатқа қаза тауып, 25-і жаракатталып, көптеген пүлемет-минюмет, ауыр зеңбірек, бір танк, авто-машиналар істен шығарылды. Ал, біз жақтан 26 солдат қаза тауып, 126-сы жаракатталып, бірнеше зеңбірек істен шықты» делінген. Осы жылдың 4 желтоқсанында, үшінші жау әскері полкіне неміс әскеріне қарсы соғысып жүргенде, бір шабуылда әкеміз хабарсыз жоғалып немес тұтқынға түседі. Бала кезінде әкемізден тұтқынға өмірі туралы айтып бер деп сұрағанда сол уақытты көзіне жас алмай еске түсірмейтін. Соғыстың аяғында әкеміз «Германияны азат еткені үшін» медалімен марапатталған.

1947 жылдың 25 сәуірінде ауылға қоныс-есен орналады. Сол жылы 3 айлық бухгалтерлік курсы (БЗУК) бітіріп және Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтының тарих бөліміне сырттай оқуға түсіп, оны 1950 жылы аяқтайды. 1947 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 1950 жылға дейін Арал ауданындағы Октябрь атындағы бастауыш орта мектепте мұғалім және директоры орын-басары қызметін атқарған. 1950 жылдың тамыз айынан бастап бухгалтерлік қызметке ауысады. Бухгалтер ретіндегі еңбек жолын Сырдария ауданында «Райзотгоско» мекемесінде бастайды. Сол жылы әкеміз ағамызды кездестіріп, екі жас қол ұстасып, шаңырақ көтереді. 1952 жылы Геренөзектегі «Лавизготско» мекемесіне бас бухгалтер болып тағайындалады да отбасымен сонда қонысады. 1954 жылдан бастап облыстық «Маслопром» басқару бас бухгалтері және кейін «Облгипоттор» мекемесіне бас бухгалтер қызметіне, ал, 1955-1963 жылдары облыстық әлеуметтік қамтамасыз ету бөліміне бас бухгалтер болып ауыстырылады. Осы жылдары әкеміз біраз оқу білімдіні ағайын-туястарға зор көмегін тигізеді.

1963-1967 жылдары «СМУ Камышстрой», «Кожобувь комбинат» өндіріс орындарында, 1967-1969 жылдары Тасбөгеттегі «СПТУ-58» мекемесінде бас бухгалтер қызметін атқарған. Әкеміз қай қызметте де міндетіне

сып, осы қызметтен жоғары дәрежеге жетіп, медаль, құрмет белгілерімен, көптеген мақтау грамоталарымен марапатталып, зейнетке шықты. Оның ішінде Кеңес Одағы денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау ісіннің үздігі» төбелісімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Коммунистік еңбек еткіштігі», «Социалистік жарыс жеңімпазы» белгілерімен марапатталған және қырық жыл облыстық ауруханасының құрмет тақтасынан суреті түсірілген.

1967 жылы әкеміз бен анамыз Мәскеуге бір аптаға қалдырып кеткен, ол кезде бұл қала әр адамның арманы еді, әкемізге де қатты әсерін тигізді. Сонда әкеміз: «Біздің балаларымыз да осы жерде, МГУ-да оқыса» деп армандық екен. Анамыздың арқасында біз Нұркеннің сол арманын орындадық. Алты баланың

үлкен жауапкершілікпен қарап, абыроймен атқарған. Сонымен бірге өзінің табиғат берген, ана сүтімен дарыған адами болмысының, жақсы қасиеттерінің арқасында ұжымдастары, жора-жолдастары мен ағайын-туястың арқасында сый-құрметке бөленген. Алар асуы, шығар бәрі мұнан да зор болар ма еді, өткен, егер 1969 жылдың 28 шілдесінде жол апатына ұшырап қаза таппағанда. Оның төтеннен келген қасына біздің ғана отбасымызға емес, оны білетіндердің бәріне ауыр соққыны белгілі. Отбасының тірлет, асқар тау – әкеміз небәрі 47 жасында қырып кеткен соң біздің өміріміз де әрине, күрт өзгерді. Үлкеніміз он жетиде болса, ең кіші қарындасымыз бұл дүниеге келесі жылы ғана келді. Сонымен, медбике болып жұмыс жасап жүрген жалғыз анамыздың мойнына алты бала болып артылды. Бізді қойшы, айналадағы ағайындардың бәрі де жетімістер қалды. Ойткені әкеміз жалғыз өзінің отбасына емес, барлық ағайындарға ақилың, жанашыр бола білген еді. Ол кісіннің жақсылығын көрген апаларымыз бен әжелеріміздің барлығы дүние салғанына әкеміздің жақсылығын айтып жүрді.

Ал, анамыз Раиса Шыбынтаева 1932 жылы 3 желтоқсанда туған. Ол кісіннің әкесі Рахмет Шыбынтаев 1905 жылы туған, бір жылдан кейін ашаршылықтан қайтыс болып кеткен. Анасы Сара Шыбынтаева 1901 жылы туған. 1934 жылы бұл кісі де ашаршылықтан қайтыс болып кеткен. Сөйтіп, анамыз екі жасында жетім қалады. Бірақ, анамыз өз нағашы әжесімен (Тұяқбаева Шекер Сүттібайқызы) соғыс кезінде Луговая станциясында баланың қолында тұрды. Ол кезде баласы Айтғамбет совхоз директоры болып қызмет еткен. Әжесі жасы келгесін немересімен Қызылордаға қайта көшеді. Анамыз 1949 жылғы жеті сыныптық орта мектепті бітіріп, Қызылорда қаласының арақ зауытына жұмысшы болып орналасады. 1950 жылы әкеміз Нұрғазыны кездестіріп, екеуі отбасын құрады. 1952 жылы Қызылорда меуучилищесінде түсіп төрт жылдан кейін бітіріп шығады.

Сол 1956 жылы Қызылорда облыстық ауруханасына жұмысқа орнала-

нған. Халқымыз «орнында бар, оналар» демей ме? Әкеміз көргенен қызықты шүкір, анамыз көрді. Марқұм анамыз алты баланы бағып-қағып, әкеміздің арманын орындап, аманаттына қиянат жасамай, жүзеге асырды. Ең үлкені Марат Көкел – сұпқарушылығы маманы. Бүгінде зейнеткер, екі ұлдан екі немере сүйін отырған бақытты шаңырақ иесі. Одан кейінгі қыз бала Светлана – МГУ-дің түлегі, физика-математика пәнінің мұғалімі. Отбасының, ағайын-туямын жанашыры, ақылшысы. Одан кейінгі Шолпан да Мәскеу университетінен білім алған, төрт баланың анасы, жолдасы Мадиярмен немерелерінің сүйікті ата-әжесі. Зұхра да жоғары білімді экономист. Еке жолын қуып осы салада абройлыны еңбек етеді. Жолдасы Жақып Қажымұрат екеуі үш бала өсіріп, тәрбиелеп, бүгінде немере қызығын тамашалауда. Ал кенже қарындасымыз Эльмира анамыздың жолын қуып дәргер болды. Күйеуі барлық Бауыржан Ертайұлы екеуі бір ұл, бір қыз тәрбиелеп отырған үлгілі отбасы. Шаңырақ иесі Қажымұрат нағашы ауылшаруашылық инженері мамандығын Мәскеу институтынан алған, білікті маман. Соңғы жырмыра жылдан астам уақыт мұнай саласында инженер болып абыройлы еңбек етуде. Жары Үлбосын екеуі аналарын бағып-қағып, бағасын алды. Ананың ақ батасын дәргер, бүгінде бір ұл, екі қызды болып, күт дарып, бас қараған шаңырақ атанып отыр. Әкеміз Нұрғазы мен анамыз Раисадан тараған ұрық осылайша жағалауда. «Адам ұрпағын омыл жасайды» деген осы болса керек.

Қажымұрат НУРҒАЗАҰЛЫ, баласы.

Толғандырап тақырып

Кім суицидке бейім?

Шетелдік ғалымдар суицидті үш түрге бөледі. Біріншісі – шынайы суицид. Мұндай жағдайда адамды көңілсіздік басып, өмірден түңілу жағдайы көбірек кездеседі. Екіншісі – жариялы суицид деп аталады. Мұндай жағдайда өлгісі келген адам жан-жағына жариялап, өлгісі келетінін айтып, бірнеше рет оқталып, ойдан арғыла алмайды. Мысалы, біреумен ренжиссе де, ата-анасы айтқанын орындамаса да, «өлемін» деп, қолына жіп алып немесе суық қару алып, айналадағыларды өзіне бағындыруды мақсат етеді. Бұған барғандар өлімнің жақсы емес екендігін біледі. Біле тұра, жан-жағындағыларды, достарын, ата-анасын немесе ұнатып жүрген қызын қорқытуды дұрыс деп санайды. Ал суицидтің үшінші түрі – жасырын суицид. Бұған өмірден түңілгендер, тығырықтан шығатын жол таппағандар барады. Олар да өз-өзіне қол жұмсаудың дұрыс емес екендігін біледі. Өйтсе де, сол қаламға барады. Бұл – жұмбақ өлім. Ата-анасына, жора-жолдастарына, тіпті құқық қорғау қызметкерлеріне өлімнің себебін зерттеу үлкен жауапкершілік арттады.

Өз-өзіне қол жұмсау кәмілетке толмағандардың арасында жиі кездеседі. Жыл сайын суицидтің алдын алу мақсатында профилактикалық шаралар ұйымдастырылғанымен, жасөспірімдер арасында белгілі-белгісіз себептермен өз өмірін қиып жатқандары қаншама! Өкініштігі, бұл – ата-ананың, туған-туястарының басына түскен ауыр қайғы. Өлімнің себебін іздеп, шешімін табу өте қиын.

Енді облыстық прокуратураның облыс аумағында орын алған өз-өзіне қол жұмсау деректеріне талдауына назар салыңыздар. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, об-

лыс бойынша өткен 8 айда өз-өзін өлтіруге дейін жеткізу (аяқталған) 84 дерек (2018 ж-57) тіркеліп, 53%-ке өскен, оның 5-ін (6) кәмілетке толмағандар жасаған.

Ал, осы мерзімде өз-өзін өлтіруге оқталу бойынша (аяқталмаған) 61 (2018 ж-19) дерек тіркелген. Оның 6-ы кәмілетке толмағандар. 8 айда орын алған аяқталған суицидтің 64-ін ер адамдар, 19-ын әйел адамдар жасаса, оның 5-уі кәмілетке толмаған.

Өз-өзіне қол жұмсауға оқталғандардың (аяқталмаған) 37-сі әйел болса, 26-сы ер адам, 6-ы жасы кәмілетке толмаған.

Кәмілетке толмағандарға қатысты оқиғалар Қызылорда, Арал, Қармақшы және Жаңақорған аудандарында колледж студенттері және мектеп оқушылары арасында орын алған. Өзіне қол жұмсағандар үйлерінің мал қорасында жіпке асылып қалған.

Басты себептері – жасөспірімдердің болашаққа арман-мақсаттарының болмауы, ішкі эмоционалды жағдайдың бұзылуы, әлеуметтік шеттетілу, отбасындағы жайсыз психологиялық ахуал, өзіндік «менінің» жоғалуы, сыртқы ортаның қысымы.

Суицидтің алдын алу мақсатында профилактикалық іс-шараларды уәкілетті органдар тиісті деңгейде жүргізбей отыр десе, қателеспейміз. Оған дәлел жоғарыда аталған шынайы деректер.

Зерттеу барысында баланың психологиялық жағдайына аса мән берген жөн. Өлімді ойған алған адам көңілсіз жүреді, өзін өзгелерден оқшау ұстайды, сөйлескенде жауапты қысқа ғана қайырады, ешнәрсеге қызығушылық танытпайды. Егер мінезінде осындай өзгерістерді байқап жүрген үлкен адамдар болса, сол бала туралы мамандарға

хабарласып, психологиялық кеңес бергені жөн болар еді. Сондықтан, бұл деректерді азайту, алдын алу бағытында әлеуметтік-профилактикалық шараларды қарастыру қажет. Суицидтің халық арасында жиі кездесуі – өмір сүрген ортасы тарапынан әлеуметтік көмектің болмау салдары дер едім. Ол үшін әлеуметтік жағдайды жақсарту мақсатында жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру, тұрмыстық-отбасылық мәселелерін шешу, өз-өзіне қол жұмсауға бейім адамдармен психолог маманының қатысуымен әңгімелесу керек.

Талдау көрсеткендей, өз-өзіне қол жұмсау тұрмыстық жағдайда, арақ ішіп мас болғаннан туындаған ұрыс-керістерден соң, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларының төмен болуынан, жүйке ауруының әсерімен жасалатыны анықталды.

Біз суицидке бейім адамдардың тізімін жасап, 61 адамды тәуекел топтарына енгіздік. Олар – бұрын бірнеше рет өз-өзіне қол жұмсағандар, масқумен және жүйке аурулар есебінде тұратындар, отбасы тыныштығын бұзғандар.

Қорыта келгенде, түннен кейін күн шығатынын бала ұмытпауы керек. Олар ашық аспан астында, бейбіт елде өмір сүріп жатыр. Қиындықсыз өмір жоқ, сол себепті ата-аналар тарапынан қалағалау жоғары дәрежеде болуы тиіс. Бұл дегеніміз – өмірден түңілеу керек деген сөз, жасөспірімдер алдарына мақсат қою білугі керек. Қиындықты жеңуге, ойды сергітуге, жақсы істерді, болашақты есіне алып, көңілдірек жүруге ұмтылғандары абзал.

М.А.ШЕВА,
облыстық прокуратураның басқарма аға прокуроры.

Артериалдық гипертонияның алдын алу жолдары

Қан қысымының деңгейі адам денсаулығының басты көрсеткіші. Көп жағдайда толқулар, қатты ашуланып-қапалану орталық нерв жүйесі арқылы қан қысымының көтерілуіне әкеліп соғады. Артериалдық гипертонияның алдын алу жолдары:

- Күнне 30 минут жаяу жүру керек;
- Ас тұзын күнне 1 шай қасықпен ғана шектеу керек (5 г);
- Артық салмақпен күресіңіз;
- Темекі шегуден бас тартыңыз;
- Күйзеліс жағдайында сабырлы болыңыз.

- Бір ретте болса қан қысымы көтерілген болса;

- Туыстарыңыздың қан қысымы жоғары болса;

- Жасың 35-тен асса және артық салмағыңыз болса;

- Қант диабетімен ауырсаңыз;

- Климакс уақыты болса;

- Темекі шекенсіңіз;

- Ішімдік пайдалансаңыз;

Есте сақтаныңыз! Ауруды уақытында анықтау, дер кезінде емдеу аурудың асқинуынан сақтайды. Әрдайым денсаулығыңызды күтіп, салауатты өмір салтын ұстаныңыз!

Г.ЖУСПОВА,
«Қызылорда облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы» ЖШС маманы.

Жедел ішек инфекциясының алдын алу жөнінде кеңестер

Жедел ішек инфекциясы (ЖИ) – ас қорыту жолдарын зақымдайтын инфекциялық аурулар тобы. Жедел ішек инфекцияларының негізгі белгілері: іштің ауыруы, құсу, іш отуы, дене қызуының көтерілуі, әлсіздік, төбеттің төмендеуі.

Жедел ішек инфекцияларын болдырмау үшін, мына ережелерді сақтау қажет:

- Қоғамдық және жеке бас тазалығын сақтаңыздар;
- Тек қайнатылған су ішіңіз;
- Көкөністер мен жемістерді мұқият жуыңыз;
- Арнайы белгіленген жерлерде ғана суға түсуге болады;
- Дайындалған тағамдарды ашық қалдырмаңыз;
- Тез бұзылатын тағам түрлерін тоңазытқышта сақтаңыз;

- Үйдегі қоқысты уақытында шығарыңыз;

- Асты дайындау технологиясына мұқият болыңыздар;

- Көшеден тағам (пирожки, самса, т.б) сатып алмаңыздар.

Есте сақтандыра! Тағамды дұрыс сақтау және дайындау сіздің және балаларыңыздың денсаулығының кепілі. Қарапайым кеңестерді ұстану сіз бен отбасыңыздың денсаулығын сақтайды!

Өмір негізі – денсаулық. Денсаулық негізі – тазалық. Денсаулығыңызды күтіңіз!

Б.КАРИМСАКОВА,
«Қызылорда облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының» ЖШС маманы.

Жасөспірімдер мен жастардың репродуктивтік денсаулығы

Репродуктивтік денсаулық – репродуктивтік жүйе, оның қызметі мен үдерісіне қатысты аурулардың жоқ болуы ғана емес, адамның бүкіл физикалық, психологиялық және әлеуметтік жағдайы. Репродуктивтік денсаулықты күту өмірге келген алғашқы күннен басталады, сондықтан көп әйелдер мен ер адамдар жүктіліктің дені сау, тиімді уақытта және ана мен баланың денсаулығына қауіпсіз шақта болуы қажет болғандықтан, өмірге бала әкелуді алдын ала жоспарлайды. Дені сау баланы дүниеге әкелу үшін болашақ ананың денсаулығы қалыптасуы болуы тиіс.

• Өмір салты (тамақтану, созылмалы күйзеліс, дене белсенділігінің төмендігі, күн тәртібі, еңбек және демалыс, жыныстық мінез-құлқы және т.б.);

• Зиянды заттарды (темекі, ішімдік есірткіні) тұтыну;

• Экологиялық орта (қоршаған ортаны ластануы, радиация);

• Тұқымқалалаушылық.

Есте сақтандыра! Дүниеге сау бала әкелу – сіздің қолыңызда!

Т.МУХАНБЕТҚЫЗЫ,
«Қызылорда облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы» ЖШС дәрігері.

Репродуктивтік денсаулыққа әсер ететін факторлар:

СЕМИНАР

Халықаралық стандарттың тиімділігі

Техникалық реттеу және метрология комитетінің облыс бойынша департаменті мен Қазақстан стандарттар және сертификаттау институтының филиалы бірлесіп, менеджмент жүйесін енгізу бойынша семинар өткізді. Шарға бизнес өкілдері, облыстық өнеркәсіп кәсіпорындарының мамандары қатысты.

Мәлімді ҚАЛЫМБЕТ.

Семинарда сәйкестікті растау жөніндегі органдарды, сынақ зертханаларын және сапа менеджменті жүйелерін бағалау жөніндегі сарапшы-аудитор Серік Құрманғалиев менеджмент жүйесіндегі халықаралық стандарттардың жаңа нұсқасымен таныстырды. Оның қатарында ISO 9004 «Сапа ме-

неджменті. Ұйым сапасы. Тұрақты табысқа жету бойынша ұсынымдар», ISO 50001 «Энергия менеджменті жүйелері. Қолдану бойынша талаптар мен нұсқаулар» бар.

– ISO 9004 стандарты – ұтымды ұсыным жинақталған жүйе. Ол тұтынушылар мен мүдделі тараптардың сұранысына сай

болуға мүмкіндік береді, – деді С.Құрманғалиев.

Спикер ISO 50001 энергия менеджменті жүйесі халықаралық стандарттың тиімді тұсына да тоқталды. Айтуынша, аталған құжат ұйымдарға энергия тиімділігіне, энергия тұтыну тиініне қатысты энергия нәтижелілігін тоқтасуыз жақсартуға қажетті үрдістерді қалыптастыруға септеседі. Сонымен қатар энергия менеджменті жүйесіне қатысты талаптарды белгілеуде көмекке келеді. Жиын барысында тыңдаушылар осындай қажетті кеңестер мен тың ақпараттарға қол жеткізді. Көкейдегі сұрақтарына жауап алып, арнайы сертификаттар иеленді.

Медициналық сақтандыру қорына қызылордалықтар 5,8 млрд теңге аударды

«Қызылорда облысы бойынша 2019 жылдың тамыз айында медициналық сақтандыру қорына түскен төлемдер 266,6 млн теңгені құрады» деп хабарлады «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Руслан Бектібаев.

2017 жылдың 1 шілдесі мен 2019 жылдың 31 тамызы аралығында жұмыс берушілер мен кәсіпкерлер міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға 5,8 млрд теңге аударды. Оның 5,6 млрд теңгесі (96,5%) жұмыс берушілердің аударымдары болса, қалған 178,3 млн теңге (3,5%) – жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісім шарт негізінде еңбек ететін тұлғаларға тиесілі.

Жинақталған қаржы Ұлттық банкте сақталады. Болашақта МӘМС пакеті шеңберіндегі қызметтер ақысын төлеуге жұмсалды. Еліміздің бас банкімен қаржыны сенімгерлік басқару туралы келісім бекітілген.



МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ҚОФ әкімшілігі

(Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-әуірмасы барлық басқармасы) мемлекеттік мекемесінен 2015 жылдың 27 қарашасында №15001650 мемлекеттік лицензия берілген

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ҚОФ әкімшілігі

Хабарламалар

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсін» АҚ (20-07-03) «Онғүстік Күмкөл кенішіндегі №67 ұңғымға қіберіс аптохол» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсін» АҚ (20-07-02) «Онғүстік Күмкөл кенішіндегі №67 ұңғыманы электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазыбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазыбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректораты мен Ұжым Академиялық саясат басқармасының бөлім басшысы, физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Айсұлу Мұхамбетқанжықзина анасы

Сарқыт Бекмамбетқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қазуасур» ПМК-ның Қызылорда филиалы және барлық өндірістік учаскелер ұжымдары «Қызылорда

Ашық аспан астында Ақмешіт музейі

Өткен аптада «Музейлер шеруі» жобасы аясында қаладағы Ақмешіт музейі алаңында «Музей түні» мәдени шарасы ұйымдастырылды. Күн ұяға қонар шақта басталып, түн ортасына дейін жалғасқан мұндай тағылымды шарда қала жастары көптеп жиналған. Сонымен бірге, мәдениет қызметкерлері, қылқалам шеберлері, көне жәдігерге жанашыр жандар мен жергілікті тұрғындар да келген.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Жобаның мақсаты – барлық санаттағы халықтың уақытын тиімді өткізумен қатар, музейдің ғылыми орталық қана емес, мәдени-көпшілік орын екені туралы ұғымды күшейту. Мұндай мәдени-рухани демалыс келушілерге қолайлы. Көне туындыларды насихаттау және тарихи жәдігерлердің алуан сыр-ын жас бұйыңға сіңіру арқылы патриотизмді күшейтудің маңызы зор.

өткенді саралап, бағалап қана қоюға шақырмайды, сонымен бірге ел бірлігін бекемдеп, құндылығын кастерлеуге үндейді. Облыстық «Жас Отан» Жастар қанаты мен музей қызметкерлері бірлесіп ұйымдастырған ашық аспан астындағы көрме негізінен тікелей жастарға бағытталған. Мұнда олар көне жәдігерлерді тамашалап қана қоймай, өз қалауларына ән салып, би билей алады. Мұнда келгендер бір жағынан өз ұлттық құндылықтарды танып бі-



се, екіншіден, көңіл көтереді. Жастар көшкі серуенге шыққанда олардың бос уақытын осын-

дай маңызды, ой түйетін шараларға көптеп тартуды жетілдіріп келеміз. Алдағы уақытта «Кітап-



хана түні» атты шарамызды да осындай қызықты форматта ұйымдастырмақпыз, – дейді «Жас

Отан» Жастар қанаты облыстық филиалының төрағасы Талғат Тілес.

Түнгі шараға келушілер облыс тарихынан сыр шертер қылқалам шеберлерінің туындыларынан «Ұлы дала төріндегі – ұлт ордасы» атты сурет көрмесі мен «Ғажайып самаурындар әлемі» атты музей қорындағы самаурындар жанынғын тамашалады. Сонымен бірге, музей алаңында шағын сахна жабдықталып, «Біз музейдегі этноауылдамыз» атты көрініс көрсетілді. «Абай Құнанбаев – ұлы ақын» тақырыбында ақын жырлары жатқа оқылып, «Қазақстан астаналары» деректі фильмін тұрғындар бір деммен көріп шықты. «Музей түнінде» жастар караокемен қосыла ән шырқап, қала жастары ұйымдастырған концерттік бағдарлама да көпшілікке ұсынылды. Келген қонақтар ұйымдастырушыларға алғыс айтып, алдағы уақытта осындай тағылымды кештердің жиірек өтуіне ұсыныс-тілектерін білдірді.

Жыраулар шеберлік сабағын өткізді

«Қорқыт және Ұлы дала сазы» халықаралық фольклорлық-музыкалық өнер фестивалі аясында Қорқыт ата атындағы КМУ-да шеберлік дәрісі өтті. Жияңға Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жырау Алмасбек Алматы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының аға оқытушысы Ұлжан Байбосынова қатысты.

Айдана ЖУМАДИНОВА.

Өнер иелері студенттерге жыраулық өнер туралы сөз қозғады. Алмасбек Алматы Қорқыт заманынан келе жатқан мәдени мұра сол ұрпақтың қанында тұратынын, ақпаратты сақтайтын тұлға да, талант та емес, өнерпаздың бойындағы ген екенін баса айтты. Ал, Ұлжан Байбосынова адамға бір орындаушылық аздық ететінін, жыраулық, жыршылық интеллектуалды, өрелі өнер екенін алға тартты. Иә, халық қазынасын көпке жарқырата көрсету үшін үлкен пайым, парасат қажет. Себебі, қай ортада да жырдың төркінін түсіндіріп айта алу маңызды.



бұл спектакльде Ұлжан Афина құдайының ролін сомдапты. Біздің жыраудың міндеті – екі елдің патшасы сөзге келмей, қақтығысқанда аралық сөз айтып, жыр жырау. Ал, жырдың аудармасы сахнадағы экранда көрсетіліп тұрады. Бірде спектакль Бостон қаласында бір жарым ай бойы өтеді. Гераклдың қызын құрбандыққа шалатын қантөгіске толы қойылымда 12 рет шығып, аралық сөз айту, күн сайын тақта отырып, трагедияны сезіну оңай емесі белгілі. Бұл Ұлжан жырауға ауыр тиіп, ақырында ауырып қалып, үш күн бойы спектакль жыраусыз өткен екен. Ал үш күннен кейін халық ереуілге шығыпты. Шағымы не дейсіз ғой? Олар «біз өртістерді емес, жыр айтамын жырауды көруге келгенбіз. Билетті қайтарындар» деп талап етіпті. Сонымен, арнайы баспасөз конференциясы өтіп,

коллексіміз сынды. Бұл – тегімізде бар өнер. Біз осымен тәрбиеленіп, өсеміз. Оны шығаруға мүмкіншілігіміз жетпейді, мен тек орындаушымын» дегенде, «Біз қалай осы уақытқа дейін білмегенбіз?! Гениальный халық екенсіздер» деп қатты таңырқан екен.

Шара соңында жырау тегімізде сақталған құнды өнердің бағасын биіктету үшін үлкен еңбек қажет екенін, тіпті арнайы театр құрылса да артықтық етпейтін жеткізді. Сондай-ақ, кездесу соңында өнер иелері жырдан үзінді орындады.

Айта кету керек, фестиваль өнерпаздарының шеберлік дәрістері Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінде, М.Маметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінде, облыстық филармонияда да ұйымдастырылды.



Сенбі күні Жаңақорған ауданында мемлекет және қоғам қайраткерлері, ҰОС ардагерлері, Әлім Мұхамеджановтың 100 жылдығы мен Ғафур Мұхамеджановтың 95 жылдығына арналған «Тарих таңдаған тұлғалар» атты танымдық-тағылымдық конференция өтті. Аудандық мәдениет және тарих бөлімі мен «Жаңақорған ауданының тарихи тұлғалары» атты тарихи-мәдени музейінің ұйымымен бірігіп шараны аудан әкімі Сұлтан Мақашов жүргізіп отырды.

Тарих таңдаған тұлғалар



«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тарихи тұлғалардың өнегесін жастарға дәріптеп, олардың жеткен жетістіктері мен ел игілігі үшін жасаған жұмыстарын насихаттау – аса жауапты жұмыс. Бұл өскелең ұрпақтың патриоттық рухын асқартатын, тарихи санасын оятып, бәсекеге сай қалыптасуында қажет екені сөзсіз. Міне, осы орайда өткенді саралап, болашақты бағамдап, «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» жолын ұрпақтар сабақтасығына айналдыру құптарлық іс.

Бүгінгі «Тарих таңдаған тұлғалар» атты танымдық-тағылымдық конференция аудан жұртшылығы ғана емес Сыр еліне, республика жұртшылығына кеңінен танылмай Әлім және Ғафур Мұхамеджановтардың 100 және 95 жылдығына арналады, – делі аудан басшысы. Тарихи тұлғалардың болмыс-бітімі, қабілет-қарымы, азаматтық көзқарасын танытатын бүгінгі танымдық-тағылымдық конференцияның сәтті өтуіне тілектестігін білдіріп, шараға атсалысқан барша ағайын мен келген қонақтарға алғысын білдірді.

Ағайынды Мұхамеджановтардың өмір жолы жайлы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» Ержан Уәйсін

тартымды баяндама жасады. Сонан соң «Қызылорда облысының Құрметті азаматы», ардагер-дәрігер Тұрғанбай Маханов, Ғ.Мұхамеджановтың көзін көріп, жүйелі сөзін санасына тоқып, пікірлес, сұхбаттас болып тәлімін бойына сіңірген шәкірттерінің бірі, Сыр еліне танымал мемлекеттік басқару саласының құрметті ардагері Қорғанбек Қайруллаев естеліктер айтты. «Шіелі ауданының Құрметті азаматы» Рахым Мауияұлы әңгімені қызықты өрбітіп, тарихи тұлғалардың орнын одан әрі биіктеге түсті. Жиян барысында конференцияның құрметті қонағы ҚР Қарулы Күштерінің генерал-майоры Алмасбек Әбдірахманов естелік айтты, бірқатар ардагерлерді С.Нұрмағанбетов атындағы медальмен марапаттады. Әлім және Ғафур ағаларымыздың ұрпақтары атынан, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Президент жанындағы мемлекеттік басқару академиясының вице-ректоры Әлия Ғафурқызы шараға қатысушылар мен ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

Конференцияда естелік кітаптар оқырман қолына тиіп, соңынан ас берілді.

Н. НАЗИМХАНҰЛЫ,
Жаңақорған ауданы.

Өнертапқыштыққа алғашқы қадам

Облыстық білім басқармасының «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен қаламыздағы Сырдария өзенінің сол жағалауында орналасқан Жастар орталығында ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының «Сананың ашықтығы» базалық бағыты аясында «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялардың республикалық байқауының облыстық кезеңі өтті.

Шараның негізгі мақсаты – оқушыларға ғылым мен техниканың өнертапқыштық, зерттеу жұмыстарына тарту, талантты балаларға қолдау көрсетіп, олардың шығармашылық қызығарлығын зерттеушілікпен бәсекеlestік артықшылықтарын қалыптастыру.

Байқауға қатысушылар түрлі сала бойынша, яғни, автокөлік, өндіріс, ауыл шаруашылығы, әскери техника, су көлігі, құрылыс, жылу-электр энергетикасы, авиация және космонавтика бағыттарындағы жобаларын таныстырды.

Талантты балаларға қолдау көрсету мақсатында өткен байқауға аудандық, қалалық білім бөлімдерінен және облыстық мекемелерден 70 оқушы қатысты. Үздік атанып, мықтылығын дәлелдеген жеңімпаздар білім басқармасының I, II, III дәрежелі дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Айта кетейік, облыстық кезеңнің жеңімпаздары 30-31 қазан күндері Талдықорған қаласында өтетін қорытынды кезеңге жолдама алады.

«СБ» ақпарат.

Оюдың өз сыры бар


Жалағаш ауданы, Мәдениет ауылының тұрғыны, 82 жастағы Шәрбан Өркімбаева әлі күнге ою ойып, құрақ құрайды. Мұнан бөлек, киізден түрлі ұлттық бұйымдар жасайды. Ол екі бала дүниеге келіп, немере-шөберені қызығына бөленген ол ісмерлікті кейінгі ұрпаққа үйретіп, насихаттаудан жалыққан емес.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Бала күнінде әжелерінен үйренген бұл өнерді енді жастарға үйретсем деген Шәрбан әжеңнің бөлмесін ісмерлік ұстаханасы деуге болады. Себебі, мұнда бүгінде тұрмысымызда пайдаланбақ түгілі, кейінгі толқын атын да білмейтін колөнер бұйымдары бар. Кебеже, кесекпап, тұскиз, тұтқыш, қоржын дейсіз бе, көз жауын алатын бұйымдардың түр-түрі жетеді. Сірер әже бізге киіздің пайдасын айтып берді.

Киіздің пайдасы өте көп. Қазір киіз десе, жастар үрке қарайтын болды. Оны пайдаланбағалы көпшіліктің аяғы ауырады. Киіздің адам денсаулығына пайдасы мол. Тазалық үшін де. Киіз басып, жүн сабаудың өзі адам денсаулығын, қанайналымды жақсартады, – дейді Шәрбан әже.

Бүгінде Шәрбан әжеңнің қолынан шыққан бұйымдарға сұраныс көбейген. Әсіресе, киіз үйді хан үйіндей етіп



жабдықтайтын оның ісмерлігіне тәнті болатындар аз емес. Тағы бір атап айтарлығы, ауылда қыз жасауын қамдайтын аналар ең әуелі Шәрбан әжемен ақылдасады. Мұның сыры бар. Жастайынан ісмерлікті меңгерген ол матаны таңдау, оюды ретімен қолдана білу бір мектеп екенін айтады.

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициқталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.